



№25-26

/Сәрсенбі/

27 маусым 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙҒАҚ

М Е Д И А



ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков Түркістан облысының активімен кездесіп, жаңа өкімді таныстырды.

Бұл біздің өңір үшін тарихи кезең яғни, қайта жаңғыру деуге де болады. Елбасының жарлығы Оңтүстік халқына қуаныш, жаңа серпін сыйлады. Қазақстанның рухани астанасы Түркістан қаласы облыс орталығы атанып, аймақтың атауы да, Түркістан болып өзгерді. Осы тарихи оқиғаға байланысты Шымкентке ҚР премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев іс-сапармен келген болатын. Үкімет басшысы өңір тұрғындарына өз құттықтауын жеткізіп,

ҮШІНШІ МЕГАПОЛИСТІҢ ЖАҢА БАСШЫСЫ



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ӘКІМІ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев пен Президент Әкімшілігінің басшысы Әділбек Жақсыбеков жаңадан құрылған Түркістан облыстық мәслихатының сессиясына қатысты.

Жиында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Түркістан облысының өкімі лауазымына Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевты тағайындау туралы ұсынысы жазылған Мемлекет басшысының облыстық мәслихат депутаттарына жолдаған хатын оқып берді. Дауыс беру қорытындысы бойынша депутаттар Президент ұсынған кандидатураны бірауыздан қолдады.

Ж. Түймебаев 1958 жылы дүниеге келген. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін және Мәскеу мемлекеттік әлеуметтік университетін тәмамдаған. Филология ғылымдарының докторы. Әр жылдары ҚР Президенті Хаттамасының жетекшісі, ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР-ның РФ-тегі Төтенше және Өкілетті Елшісі, ҚР Білім және ғылым министрі, ҚР-ның Түркия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметтерін атқарған. 2016 жылғы қазан айынан бастап Оңтүстік Қазақстан облысының өкімі лауазымын атқарған.

Бұдан кейін Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев пен

атауы өзгерген аймақтың өкімі лауазымына лайықты азаматтың есімін атады.

«Түркістан көптеген ғасырлар бойы тек Орталық Азияның емес, сондай-ақ бүкіл түркі әлемінің саяси әрі рухани өмірінің орталығы болды. Мемлекет басшысының киелі Түркістанды облыс орталығы ретінде белгілеуі туралы шешімі өңірді одан әрі дамытуға септігін тигізеді. Елбасының осы тарихи шешімі жергілікті халықтың өмірін жақсартуға, сондай-ақ жалпы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді», — деді Б. Сағынтаев.

Елбасының шешімі де халықтың әлеуетіне оң әсер ететін маңызды қадам екендігі сөзсіз.

Шымкент қаласының жаңа өкімі болып Ғабидолла Әбдірахымов тағайындалды. Бұл қызметте ол Нұрлан Сауранбаевты алмастырды.

Елбасының тарихи шешімімен Шымкенттіктер енді миллионды мегаполис тұрғындары атанды. Осынау тарихи оқиғамен барша қала тұрғындарын құттықтай келген Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев қала активіне Республикалық дәрежеге ие болған шаһардың жаңа өкімін таныстырған болатын. Ол бұған дейін 2015-2017 жылдар аралығында Шымкент қаласының өкімі қызметін абыройлы атқара білген - Ғабидолла Рахматоллаұлы Әбдірахымов.

Кандидатурасы қалалық мәслихат депутаттары тарапынан бір ауыздан қолдау тапқан Ғабидолла Әбдірахымовтың алдағы қызметіне сәттілік тілеген Премьер-Министр бүгінгі күнге дейін 8 айға жуық Шымкент қаласының өкімі қызметін атқарып келген Нұрлан Сауранбаевқа да өз алғысын білдірді.

Айтқетейік, Нұрлан Сауранбаев қала өкімі қызметін 2017 жылдың 7 қарашасынан бері атқарып келді. Жеті айдан сәл астам уақытта ол әлеуметтік маңызы бар бірнеше жобаны жүзеге асырып үлгерді. Олардың арасында «Мектепке қауіпсіз жол», «Қошқар ата өзенінің бойын абаттандыру» жобалары, Арбат және «Астана» гүлзарының құрылыстары бар. Бұған қоса Нұрлан Сауранбаевтың өкімдігі кезінде Шымкентте топырақ жол қалмай, барлығына тас төселді. Бұған дейін жарықтандырылмаған көшелердің мәселесі шешіліп, 5 жаңа мектеп пен ірі жолайырықтың құрылысы аяқталып келеді. Сонымен қатар, Шымкент әуежайын қайта құру жұмыстары басталды.

Актив жиынында Үкімет Басшысы Бақытжан Сағынтаев мегаполис дәрежесі Шымкент қаласын одан әрі дамытуға жаңа мүмкіндіктер туғызып, оң әсерін тигізетіндігін жеткізді. Республикалық дәрежедегі үлкен шаһарды басқаруға ұсынылған Ғабидолла Әбдірахымовқа қала активі зор қошемет білдірді. Мұны Бақытжан Әбдірұлы Елбасы таңдауына берілген қолдау деп санайтындығын атап өтті.

ДУЛАТ ӘБІШ

"ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ" АТАНДЫ

28 маусым - Баспасөз күніне орай Дулат Әбіш "Қазақ журналистикасының қайраткері" атанды. Алматы қаласында "Қоғамдық атақтар мен марапаттар жөніндегі Республикалық Кеңес" тағайындаған "Қазақ өнерінің қайраткері", "Қазақ журналистикасының қайраткері", "Еңбек үздігі" атақтары мен медальдарын тапсыруға арналған салтанатты шара өтті. Биыл түрлі сала үздіктеріне тапсырылатын марапат түрін 35 азамат иеленді. "Айғақ" телеарнасының басшысы Дулат Әбішке жоғары марапатты Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман тапсырды.

Қазақстанның журналистика саласының майталманы Нұртілеу Иманғалиұлы Дулат Әбіш басқаратын "Айғақ" арнасының бүгінгі қоғамдағы еңбегі мен алар орнын айтып, жоғары бағасын берді.

Еліміздің мәдениет пен өнер саласында ерекше көзге түскен бірнеше қайраткерлерін, қарапайым еңбек үздіктерін, журналистика саласының майталмандарын жинаған шарада сөз алған Республикалық қоғамдық-саяси "Президент және Халық" газетінің Бас редакторы, Қоғамдық атақтар мен марапаттар жөніндегі республикалық кеңестің Төрағасы Марат Тоқашбаев барша журналистер қауымын алда келе жатқан Баспасөз қызметкерлерінің күнімен құттықтады.



Тағайындау

Әліпбек ӨСЕРБАЕВ -
Түркістан қаласының әкімі

Түркістан қалалық мәслихат депутаттарының келісімімен Түркістан қаласының әкімі болып Әліпбек Өсербаев тағайындалды.

Ә.Ш.Өсербаев 1961 жылы туылған, білімі жоғары, мамандығы бойынша біліктілігі инженер-химик-технолог.

Еңбек жолын 1983 жылы Қарағанды асбест-цемент өнімдерін шығаратын зауытының машинисі ретінде бастаған. 1986-2014 жылдары Түркістан қаласы құрылыс деталдары мен конструкциялары комбинаты зертханасының инженері, мастери, экономисі, цех бастығы, бас инженері, «Қуат Суиндустрия» АҚ, «Kazakhstan Construction Industry» АҚ Түркістан қаласы рудасыз материалдар комбинаты филиалдарының



директоры, Түркістан қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы, Түркістан қаласы құрылыс бөлімінің меңгерушісі, Кентау, Түркістан қаласы әкімінің орынбасары, Түркістан қаласының әкімі, облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы,

2014 жылдың қыркүйек айынан 2017 жылдың желтоқсанына дейін Түркістан қаласының әкімі лауазымдарын атқарған.

Жаңа тағайындауға дейін Әліпбек Шәріпбекұлы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып қызмет етіп келді.

Айта кетейік, Әліпбек Өсербаев осымен үшінші рет рухани астананың әкімі қызметіне тағайындалып отыр.



Берік УӘЛИ -

Жамбыл облысы әкімдігі ішкі саясат басқарма басшысы

Жамбыл облысы әкімінің өкімімен Құрманғали Берік Уәлиұлы Жамбыл облысы әкімдігі ішкі саясат басқарма басшысы болып тағайындалды, - деп хабарлайды Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Берік Уәли Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің «юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.

ҚР Үкіметінің «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты. 1997 жылы өз еңбек жолын бастап, Берік Уәли «Таң», «НТК», «31 канал», «Хабар» телекомпанияларында жұмыс істеді. «Аманат» интеллектуалды клубын, «Нұр Медиа» антикоррупциялық медиа-орталығын басқарды.

2012 жылдан бастап ОҚО әкімі аппараты бастығының орынбасары болып жұмыс атқарды және баспасөз қызметін басқарды.

Сонымен қатар, ОҚО Дін істері басқармасы және Ішкі саясат басқарма басшысы болды. 2016 жылдан 2018 жылға дейін ҚР Инвестициялар және даму министрлігі қоғаммен байланыс бөлімінің меңгерушісі, министр кеңесшісі болып қызмет етеді.

Рүстем ҚҰРМАНОВ -
"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ жаңа басқарма төрағасы

"ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ жаңа басқарма төрағасы тағайындалды, - деп хабарлайды Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.

Премьер-министрдің орынбасары - Ауыл шаруашылығы министрі Өмірзақ Шөкеев "ҚазАгро" ұлттық холдингі" АҚ ұжымына жаңа басқарма төрағасы Құрманов Рүстем Жомартұлы таныстырды, - делінген ведомство хабарламасында.

Құрманов Рүстем Жомартұлы - 1981 жылы туылған, Солтүстік Қазақстан облысының Новошипінск ауылының тумасы, экономика ғылымдарының кандидаты.

Рүстем Құрманов 2003 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің



Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ақмола облыстық аумақтық басқармасының экономикалық сараптау бөлімінің жетекші маманы, бөлім басшысы, 2009 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің инвестициялық саясат департаменті басқарма басшысы, директоры, 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринарлық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы, 2015 жылдан бастап "Атамекен" ҰКП басқарушы директор, 2017 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі қызметтерін атқарды.

7-20-25: ИПОТЕКАНЫҢ БАСТЫ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ ҚАНДАЙ?

«Жаңа ипотекалық бағдарлама қабылданады» деген күннен бастап тұрғын үй саудасы бөсеңдеді. Қайталама нарықтағы пәтерлердің бағасы да түсіп кетті. Себебі, «7-20-25»-тің ипотекасы тек жаңа пәтерлерге ғана таралады деді. Алайда, күзге таман қайталама нарықтың баспанасына да арнайы шарттар әзірленетін болды. ҚазАқпарат тілшісі жаңа ипотекалық бағдарламаға қатысты соңғы жаңалықтарды сараптап, ипотеканың кімге және қандай шарттармен берілетінін анықтады. Несие алатындарға кіріс салығы бойынша арнайы жеңілдіктер де берілетін көрінеді.

ланысты жаңа бағдарламада жаңа пәтерлер мен қайталама пәтерлердің ипотекасы екі бөлек шарттармен берілетін болып жатыр. Ал «Баспана» атты ипотекалық компания алдымен өлеуметтік маңызы бар бағытқа басымдық берсе, уақыт өте келе, қайталама нарыққа да қызмет көрсететін болады. Онсыз ескі үйлердің саудасы жүрмей қалуы өбден мүмкін.

Айтпақшы, «7-20-25»-тің келуімен «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының ипотекалық заемдарды субсидиялау бағыты тоқтатылады. Дегенмен, Қазақстанның ипотекалық компаниясы

Сонымен, «7-20-25» бағдарламасы бойынша Астана, Алматы, Ақтау мен Атырауда 25 миллион теңгенің баспанасын ипотекаға алуға болады. Аталған сома - үйдің шекті бағасы. Демек, 20 процент, яғни 5 млн теңге несие



алған адамның алғашқы жарнасы болса, қалған 20 миллион теңге 25 жылға қарызға беріледі. Ал басқа аймақтарда ипотекаға берілетін баспананың шекті сомасы 15 миллион теңге (3 млн - алғашқы жарна, ал 12 млн - қарыз) деп белгіленді. Бағдарламаның қазіргі шарттары бойынша займды беру және қызмет көрсету бойынша ешқандай комиссиялық алым төленбейді. Кепілге қойылатын мүлкті сақтандырудың да қажеті жоқ. Алайда, ондай талап қойылса, барлық шығындарды банктің өзі өтейтін болады. Кепілге несиеге берілген үйдің өзі қойылады.

Әрине, жаңа ипотека тек баспанасы жоқ азаматтарға ғана беріледі. Олар үйдің бар-жоғын анықтама арқылы растайды. Дегенмен, жатақханада тұратын отбасылар бағдарламаға қатыса алады. Апаттық үйлердің тұрғындарына да ондай мүмкіндік беріліп отыр. «Себебі, жатақханада бір отбасының мүшесіне 15 шаршы метрден де келмейді. Ондайда өтініш берген адам баспананың иесі ретінде қарастырылмайды. Жатақхана бөлмесі пәтер емес қой. Сонан соң, ескі және апаттық үйлердің тұрғындары жаңа бағдарламаға қатыса алады. Бірақ жергілікті атқарушы органнан үйдің қазіргі жағдайына қатысты анықтаманы алып келу керек», - дейді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков.

7 проценттік ипотека әзірше тек жаңа пәтерлерге ғана беріледі. Ал күзге қарай қайталама нарыққа қатысты талаптар әзірленеді. Дегенмен, оның шарттары да, проценттік мөлшерлемесі де басқаша болады. О.Смоляковтың сөзіне қарағанда, алғашқы жарна 20 проценттен жоғары қойылады. Ал жылдық мөлшерлемесі нарықтық талаптарға жақын болуы өбден мүмкін. Бірақ банктердің қазіргі 14-15 процентінен төмен болады. Шыны керек, «7-20-25»-тің тиімді шарттары қайталама нарыққа да тараса, спекулятивті сауда-саттық көбейіп кетеді. Мәселен, жағдайы бар адам өз пәтерін осы ипотекамен сатып жібереді де, үстіне ақша қосып, басқа жерден одан да жақсы үйді ала салады. Иә, үйсіз жүрген адам өз пәтеріне кіреді. Бірақ ондайда бағдарлама «өлеуметтік бастама» деген мәртебесінен айырылады. Өйткені баспанасыз жүрген азаматтардың емес, үйі барлардың жағдайы жақсарды. Осыған бай-

арқылы берілген заемдар жойылмайды. 10 проценттік мөлшерлемесі де, басқа шарттары да сақталады. Бұдан былай осы жұмысқа «Баспана» ипотекалық компаниясы жауапты болады. «Нұрлы жерге» енгізілген тағы бір маңызды өзгерістердің бірі - жұмыс берушінің өз қызметкерінің баспанасы үшін алғашқы жарнаны құю тегіті. «Біз мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға өз қызметкерлеріне жәрдем жасауға рұқсат бердік. Мәселен, 20 проценттік алғашқы жарнаны құю керек деп отырмыз ғой. Соған көмектесуге болады. «Тұрғын үй жарнасы» дейміз ғой. Осындай тетіктерді енгізіп жатырмыз. Жақсы жұмыскер болса, сол қызметке көп жылдар жұмыс істесе, көмек беруге болады. Ауруханада, басқа жерде, аурухананың жағдайына қарай ақшасы болса, жұмыскерлерге ондай көмек жасауға болады», - деді ҚР Инвестициялар және даму вице-министрі Қайырбек Өскенбаев ҚазАқпарат тілшісіне берген сұхбатында. Демек, алғашқы жарнаны жұмыс беруші де сала алады. Алайда, аталған шешімді мемлекеттік орган болсын, жеке компания болсын, өз еркімен қабылдайды. Себебі бұл - міндетті шара емес.

Алғашқы жарнаны кім құйса да, несие алған адамның төлем қабілеттілігіне баса назар аударылады. Ол да - жаңа бағдарламаның басты шарты. Ипотека тек ай сайынғы төлемдерді аудара алатын адамға ғана беріледі. Бірақ, несие-ні төлеу мерзімін өткізіп алу жағдайлары да ескеріледі. Осы орайда Ұлттық банк нақты себептер болса, келісімнің шарттарын өзгертуге кеңес беріп отыр. Бұдан бөлек, өсімақы, айыппұл мен сыйақыны өшіріп тастауға болады. Әрине, бұның барлығын екінші деңгейлі банктер қолға алуы қажет. Себебі, ипотека солар арқылы беріледі, солар арқылы төленеді. Ал «Баспана» ипотекалық компаниясы проценттік мөлшерлемені төмендетіп, банктерге тиісті комиссиясын төлеп отырады. Алдағы уақытта Ұлттық банк бағдарламаға қатысатын банктердің толық тізімін өзінің ресми сайтында жариялайды. Ал, алғашқы ипотекалар екінші жартыжылдықта, яғни шілде-желтоқсан аралығында берілуі тиіс.



Бұл аптада кімдер туылған?

- 28.06.1942 ж.**
Қалық Абдоллаев
«Парасат» орденінің иегері, э.ғ.д, ОҚО Құрметті азаматы, «Атакент» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Академик Ш. Шокін атындағы ҚазҒылыми Энергетика зерттеу институты» АҚ Басқарма төрағасы, ҚР Ұлттық инженерлік Академиясының академигі
- 30.06.1968 ж.**
Мұхтар Тілеуберді
Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрінің бірінші орынбасары
- 30.06.1949 ж.**
Ханбибі Есенқарақызы
ақын, Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы»
- 01.07.1937 ж.**
Асқар Құлыбаев
Техника ғылымдарының докторы, академик.
- 01.07.1959 ж.**
Нұрмахан Жолдасов
"Нұр Отан" партиясы ОҚОФ төрағасының бірінші орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты.
- 02.07.1942 ж.**
Мұхтар Шаханов
ақын, БҰҰ-ның Қоршаған Орта Бағдарлама сыйлығының, НЕСКО-ның "Боорукер" клубы сыйлықтарының иегері.

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!

ЕЛІМІЗДЕ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

2018 жылдың 1 шілдесінен бастап мемлекеттік сатып алу ережелеріне өзгерістер енгізілді, деп хабарлайды ҚР Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі. Хабарда айтылғандай, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап Мемлекеттік сатып алу жүзеге асыру қағидаларына өзгерістер қолданысқа енгізілетінін (Қаржы министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 562 бұйрығы) хабарлайды. Ұсынылған түзетулер құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жеңілдету және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында енгізіледі.

КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Жаңадан ашылған орталықта уақытша тіркеуге келген шетелдіктерді және жұмыс жасауға ниетті еңбек имигранттарына рұқсат рәсімдеу жұмыстары жүргізілмек.

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыруды тапсырғаны белгілі. Ондағы мақсат - заманауи технологияның көмегімен қызметтің сапасын жақсартып, жемқорлықтың тамырына балта шабу. Міне, осындай тапсырманы орындау мақсатында қолға алынған цифрландыру жобасы өңірде сәтті жүргізілуде.

Мемлекет басшысының цифрландыру тапсырмасына және «Бір терезе»

Енді, шетелдіктер құжаттарын рәсімдеу үшін 3-4 күн бойына сабылмайды. Өйткені, өңірде көші-қон қызмет көрсету орталығы ашылды. Мұнда, азаматтарға «Бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсетілетін болады. Айта кетейік, бұл еліміздегі көші-қон жұмыстарын көрсететін Астана қаласынан кейін ашылған екінші орталық.

қағидасына сәйкес жұмысын бастаған көші-қон қызмет көрсету орталығында шетелдік тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» қағидасы бойынша ХҚО-дан бекітілген стандартқа сай ұсынады. Келушілерге ресепшен, күту залы және электронды кезек жүйелері қызмет көрсетеді. Бұдан бөлек, медициналық

көмек, салық органдары 2-ші деңгейлі банк өкілдері жұмыс жасайды.

Бұрын шетелдіктерге жұмысқа рұқсат алу үшін қажетті құжаттарын рәсімдеуге бірнеше күн кететін. Енді өзге елдің азаматтары рұқсат алу мүмкіндігіне бір күнде, бір мезгілде жүзеге асыратын болады.

Бұл иммигранттар мен жұмыс берушілер үшінде



өте тиімді болмақ.

Бұл күні жаңа орталықтың ашылғанын естіп келгеннің қатарында Гүлбақира Шерімбетова да бар. Ол үйіне Өзбекстаннан келген қонақтардың құжаттарын рәсімдеді. Небәрі 10-15 минут ішінде уақытша тіркеуге тұрған азаматша орталықтың

ашылғанына қуанышты.

Жаңа ХҚО көші-қон қызметтерін алуда сыбайлас жемқорлықты азайтады және жұмыс барысын жеңілдетеді деп күтілуде. Айта кетейік, 2014-2017 жылдар аралығында облыста 178 мың, 253 ТМД елдерінен келген шетелдіктер заң-

дастырылған. Олардан алдын ала жеке кіріс салығы бойынша бюджетке 971млн. 166мың 434 теңге түскен. Ал, биылғы жылдың 5 айында 32мың 300 шетелдік заңдастырылып, бюджетке 216млн. 198 мың 722 теңге ақша түскен.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА СУ ЖАҢА ТАЗАЛЫҚ ТЕХНИКАЛАРЫ БЕРІЛДІ

Түркістан облысының орталығы Түркістан қаласының тазалығы үшін жаңа техникалар берілді. Салтанатты шараға Ө.Өсербаев қатысып, көлік кілтін табыстады.

Заманауи үлгідегі жаңа техникалар бір мезетте бірнеше жұмысты атқаруға қауқарлы. Мәселен, су сепкіш құрылғысы бар автокөлік жаз мезгілінде көшені сыпырып өрі су сеуіп тазартса, қыстығүні мұз бен

қарды ерітіп тазалай алады. Осылайша, бірнеше жұмысты атқаратын 8 техниканың жалпы 189 млн. 165 мың теңгені құраған.

- «Бүгінде Түркістан шаһары бұрынғы аудан деңгейіндегі қала емес, облыстың орталығына айналған қала. Сондықтан, бұл бағытта біз бен сізге жүктелетін міндет пен талап өте жоғары. Түркістан үшін қазіргі таңда, ең өзекті мәселе қаланың тазалығы, көріктендіру абаттандыру жұмыстары. Тазалық жұмысын жандандыру үшін, оған қажетті техникалық жабдықтардың санын арттыру не-

гізгі міндеттердің бірі. Бұл бағытта қала әкімдігі тарапынан әрдайым алғышарттар жасалып отырады», - деді Ө.Өсербаев.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау, бағдарламалау жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Дамудың ұзақ мерзімді басымдылығын алға жылжытуға рыноктың мүмкіндігі жоғары.

Сондай-ақ, әкім облыс орталығы Түркістанның заман талабына сай даму динамикасын одан әрі арттыруға қажетті бағыттарды жетілдіру мен қаланың логистикалық мүмкіндігін арттыру, қаланы туризм орталығы ретінде дамыту бойынша нақты шараларды жүзеге асыруды қолға алып, алдағы уақытта жұмыс барысында жүктелетін міндет пен талап өте жоғары болатындығын атап өтті.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕ-



Кәсіподақтар

ОРТАЛЫҒЫНДА ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Аймақта Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының тапсырмалары жүзеге асырылуда.

Кәсіподақ қозғалысының қоғамдағы беделін арттыру, еңбек қауіпсіздігін қоса оқытып, өндірістерде жазатайым оқиғаларды болдырмау мәселелерін қамту, құқықтарын қорғайтын кәсіподақ секілді ұйымдардың үлесі мол.

Облыстық кәсіподақтар орталығында қазіргі таңда оқу орталығы ашылды. Бұл «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасының бірінші бағыты аясында аспаз, жиһаз жинақтаушы, ағаш пен қыштан бұйым жасаушы, мата және гобеленнен көркем зат жасаушы, киім пішуші, кілемші, көлік жүргізушісі секілді 8 мамандық бойынша 225 адам оқытылуда.

Облыста жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс саласы, ауыл шаруашылығы және АӨК саласында кадр тапшылығы сезілуде.

Курс 1 мен 3 ай аралығында жүргізіледі. Яғни, 1 ай теориялық сабақтар және 2 ай өңірдегі еңірі кәсіпорындарда атап айтқанда, «Фиркан», «Магнум», «Гаухар» тігін фабрикасы секілді кәсіпорындарда іс-тәжірибеден өтетін болады. Сонымен қатар, курсты үздік

төмамдағандарды жұмыспен қамту мәселесі де қарастырылған. Ең бастысы, қатысушыларға мемлекет қазынасынан 16759 теңге шәкірт ақы беріледі. Ауыл-аймақтан қатынайтын жандар үшін, 9620 теңге жолақысы және 12020 теңге пәтер жалдау ақысы бөлінеді. Орталық ұстаздарының тәжірибесі мен білімі жоғары. Сол себепті, оқу процесі жемісті болатынына күмән жоқ.

Елбасының бес әлеуметтік бастамасында айтылған «7-20-25» бағдарламасы және шағын несиені ұлғайту бастамалары жөнінде толығырақ насихатталып, түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізіледі.

«Бизнес-Бастау» жобасы аясында жеке бизнес ашудың қыр-сырын түсіндіру мен Елбасы шағын кәсіпкерлерге бөлінетін несиені көбейту мақсатында республикалық бюджеттен қосымша 20 млрд. теңге бөлінген.

Жобаның кешенді оқыту бағдарламасы халыққа кәсіпкерліктің негізін бастап маркетинг пен менеджментке дейін үйретеді.

Естеріңізге салсақ, 2017 жылы облыс бойынша «Бизнес-Бастау» бағдарламасын 400-ден астам қатысушы бітіріп шығып, жалпы сомасы 700 млн. теңгеге шағын несиені алды, өз кәсіптерін дөңгелетуде.

«Қауіпсіз қала»

БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ

Шымкентте қала жолдары мен көше қиылыстарына зерделеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде апатты жағдай туындатуы мүмкін ең осал 40 нүктені анықтаған. Олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, 36 нүкте ретке келтіріліп, 16 көше қиылысына өзгерістер енгізілген. Бұл жөнінде «Қауіпсіз қала» бағдарламасы аясында арнайы құрылған жұмысшы тобының мүшелері мәлім етті.

Жалпы алғанда, 2018 жылы қала кө-

шелерінде жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

220 жол белгісі орнатылған, 200 метр жасанды жол кедергілерін орнату және 10 дана бағдаршам нысанын орнату жоспарланған.

Қала жол таңбаларын сызу жұмыстарына қаржы қаралған жаяу жүргіншілерге арналған өткелдерге көше қиылысына өзгерістер енгізілген. Бұл жөнінде «Қауіпсіз қала» бағдарламасы аясында арнайы құрылған жұ-

мысшы тобының мүшелері мәлім етті. Жалпы алғанда, 2018 жылы қала көшелерінде жол қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында; 200 жол белгісі орнатылған, 200 метр жасанды жол кедергілерін орнату және 10 дана бағдаршам нысанын орнату жоспарланған. Қалада жол таңбаларын сызу жұмыстарына қаржы қаралған, жаяу жүргіншілерге арналған өткелдерге 20 дана жарық шамы бар белсенді жол белгілерін орнату жоспарланған. Мектеп аумағына 60 дана «Абайлаңыз, балалар» ақпараттық белгісін орнату жоспарланған. Бағдаршам нысандарына қосымша 32 дана дыбыс құралдарын орнату жоспарланған.

237 дала бағдаршам нысандарын және 8 мыңға жуық жол белгілерін күтіп-ұстау жұмыстары атқарылуда.

Шымкент қаласында теннистен «Shymkent ITF International Junior Tournament» атты халықаралық турнирі өтті. Жарысқа әлемнің 9 елінен 100-ден аса спортшы қатысты. 2015 жылы ұйымдастырылған турнир биыл да өз жалғасын тапты. Дүбірлі додада саңлақтар теннистен өзара бақ сынасты.

Халықаралық турнирдің негізгі мақсаты, шаһар спортшыларының деңгейін көтеру мен қатар үлкен теннисті дамыту. Сондай-ақ, шетелдіктер мен бірге бақсынаса отырып, өзара тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік береді.

Бір аптаға созылған жарыс бұл күні өз мәресіне жетті. Ерлер арасындағы финалда шымшаһарлық спорт шебері Достанбек Ташболатов және Түркия елінің спортшысы Бора

ШЫМШАҒАРДА ТЕННИСТЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ



Сенгул әдемі ойын өрнегін көрсетті. Жарыс өте қызықты да тартысты өтті. Сондай-ақ, қыздар арасындағы финалда Ресей елінің спортшылары Анна Митнива мен Диана Шнагин өзара бақ сынасты.

Айта кетейік, додада жеңген теннисші Аргентикада өтетін III-ші жазғы жасөспірімдер арасында өтетін олимпиадаға жолдама алады. Ұлдар арасында өткен сайыста Достанбек Ташболат жеңіске жетсе,

қыздар арасында Диана Шнагин қанжығасына байлап, олимпиадаға жолдама ұтып алды.

Финалда өнер көрсеткен Түркия елінің спортшысы Бора Сенгул болса, ұйымдастырылған жарыс өділ өткендігін айта келе, қарсыластарының осал емес екендігін мойындады. Ол өз сөзінде Шымшаһардың көрікті жерлерін аралап, алдағы уақытта өзінің дайындығын шыңдап, жеңіске жетем деген ниетін де білдірді.

Мұндай әлемдік додалардың үшінші мегаполисте ұйымдастырып жатқандығы қуантады. Себебі, өңір жастарының спортқа деген қызығушылықтарын оятып

НҰРӘЛІ ӘЛИЕВ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАР БАРЫСЫН САҚТАП ҚАЛУ ЖОБАСЫН БАСТАДЫ

Нұрәлі Әлиев Қазақстанда қар барысын сақтап қалу жобасын бастады.

- Белгілі меценат әрі кәсіпкер Нұрәлі Әлиев Қазақстанда қар барысын сақтап қалу бағытында «Kingdom of Snow Leopard» жобасын қолға алды, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі «Snow Leopard Foundation» халықаралық қорының баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Алматы қаласында «Snow Leopard Foundation» халықаралық жеке қорының ресми тұсауы кесілді. Аталмыш қордың негізін қалаушы - қазақстандық бизнесмен, меценат Нұрәлі Әлиев болып отыр. Қордың ресми түрде өткен ашылуында қоршаған ортаны қорғау бойынша халықаралық ұйымдардың өкілдері мен жетекші ғалым-зоологтар, Швеция, АҚШ, Қытай, Ресей, Монако, Біріккен Араб Әмірліктері, Нидерланды, Македония, Дания, Франция мен Түркия елдерінен құрметті меймандар, мемлекеттік органдардың өкілдері, қазақстандық және шетелдік бизнесмендер келді. Кешке сонымен бірге голливудтық актер Эдриан Броуди, белгілі швед жигангезі Йохан Нильсон, Джек Маның «Paradise International Foundation»

қорының вице-президенті Ван Дэжи, Монако Альберт II ханзадасы қорының өкілі Гэтсби Милотэн қонақ болды. Меймандардың алдында сөз сөйлеген Нұрәлі Әлиев аталмыш қорды құру туралы бұрыннан жоспарлағанын, Қазақстанда ілбістердің таралуын ұзақ жылдарға созуға боларлық жүйе құруды ойлап жүргенін атап өтті. «Қар барысы Тәуелсіз Қазақстанның символы болып табылады. Алайда ширек ғасырдың ішінде Қазақстанда бұл аңның популяциясы 40 пайызға азайды», - деді ол. Жаңа қор басшысының айтуына қарағанда, «Snow Leopard Foundation» ТМД елдері ішінде қар барысын реинтродукциялау бойынша тұңғыш қор болып табылады. Анықталып отырғанындай, бірегей «Kingdom of Snow Leopard» бағдарламасы аясында Іле-Алатау ұлттық табиғи парктің ішіндегі 500 гектарлық аймақта қар барысының өсірілуі мен бейімделуі орталығының құрылысын жүргізу жоспарланған. Сонымен бірге, аталған орталықта визит-орталық пен арнайы тамашалау алаңы салынады. Ол жерде келген меймандар қар барысының тіршілігін тамашалай алады.

ҚазАқпарат

АСТАНАДА «АЛТЫН» КӨПІР САЛЫНАДЫ

Астанада өтетін Жібек Жолы қалаларының басшылары форумында «Алтын» көпірдің іргетасы қаланады, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Global Silk Road» қала мэрлерінің форумында Астанада тұрғызылатын «Алтын» көпірдің іргетасы қаланады. Жібек жолы халықтарының достығын бейнелейтін бұл көпірдің авторы - әлемге танымал қытайлық сәулетші Шу Юн. Көпір ұзындығы 28 метрді құрайды. Бұл тағдыры ортақ, мүддесі ортақ жаһандық қауымдастық құру арманын білдіреді», - деді G-Global халықаралық хатшылығы басшысының бірінші орынбасары Мұрат Қарымсақов ОКК-де өткен баспасөз-конференциясында. Еске сала кетейік, Жібек Жолы қалаларының мэрлері бас қосатын «Global Silk Road» форумы Астанада 2-3 шілде күндері өтеді. Форумда XXI ғасырдағы Жібек Жолының цифрландырудың маңызды мәселелері, тұрақты даму, экономикалық теңсіздікті төмендету, халықаралық сауданың жаңа ережелері, криптовалюталарды пайдалану, әйелдер мен жастардың, үкіметтік емес ұйымдардың маңызды мәселелері талқыланады. Форум соңында Жібек Жолы елдеріндегі қалалар басшыларының клубы құрылады деп күтілуде.

Саттар ҚУАШБАЙ -

Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы»



Түркістанды облыс орталығына айналдыру 90-шы жылдардан бері көтеріліп, бүгін пісіп-жетілді. Түркістанның рухани рөлі одан сайын артатын болады «Түркістанның облыс орталығы атануы шын

мәнінде рухани жаңғырудың үлкен бір нәтижесі деп білеміз. Себебі, Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихи сананың жаңғыруы, ұлттық код жайында айтылған болатын. Ал, Түркістан ұғымы да біздің ұлттық кодтарымыздың бірі. Мағжан Жұмабаев: «Түркістан - екі дүние есігі ғой, Түркістан - ер түріктің бесігі ғой» деп жырлаған. Бұл тек қаланың атауы емес, үлкен ұғым іспетті. Бүкіл түркі әлемін біріктіретін атау. Сондықтан, осы атаудың қайта жаңғырып жатқандығы бізді қуанышқа бөлеуде, - дейді,

Серік ЖӘНӘБІЛ -

Оңтүстік Қазақстан облысының «Құрметті азаматы»



Бұл бір керемет шешім болды. Оңтүстік деген атаумен аталатын еліміздегі ең үлкен облыс атауы енді Түркістан аталатын болды. Ол жерде қасиетті жерлер өте көп. Соның бәрі ОҚО деп аталмай, Түркістан деп аталуы өте орынды жағдай. Себебі, бұл бәріміздің көптен күткен тарихи шешім. Енді, кәсіпкерлікпен айналысып, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға тың мүмкіндіктер ашылып, жаңа жұмыс орындары пайда болады. Сондай-ақ, киелі қалада өуе байланысы жолға қойылып, күллі түркі жұртына ортақ орындарға келуші туристердің саны арта түседі, - деді.

Әнуарбек БЕЙСЕ -

Шымкент қаласының «Құрметті азаматы»



Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болды. Тұрғындарының саны миллионға жеткен Шымкент республикалық маңызы бар қалалардың тізіміне еніп, өз алдына енші алып кетті. Мұндай аумалы-төкпелі алмағайып заманда Елбасы Н.Ә.Назарбаев көреген шешім қабылдап, миллион тұрғыны бар облыс орталығын Түркістанға көшіргенін қуана қабылдадық. Себебі, күллі түркі жұртының рухани Астанасы атанған Түркістан болашақта дүние жүзіне әйгілі шаһар болады деп есептеймін. Облыс орталығына айналғанын түркі тілдес шын жүрекпен қуанып құттықтауларын жеткізуде. Батыс Еуропа-Батыс Қытай дәлізі қиып өтетін тоғыз жолдың торабына айналған Түркістанның келешегі кемел. Ал, енді Түркістандықтар Ұлт көшбасшысының сенімін ақтайтынына сенім білдіремін.

ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДА БАУ КӨЛЕМІ АРТЫП КЕЛЕДІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жұмыс сапарымен Төле би ауданында болып, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын пысықтады. Негізі Төлеби табиғаты туризмге қолайлы, ауылшаруашылығы қарқын алған аймақ. Аймақ басшысы алдымен, Көксәйек ауылдық округіндегі «Keremet agro Group» ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты. Онда 40 гектар жерінде «Гала», «Голден делишес», «Айдаред» және «Ред делишес» атты сапалы сұрыптың 87 мың 500 дана түп алма ағашы жайқалып өскен. Бұл жұмысқа 503 млн. теңге көлемінде инвестиция тартқан. Шаруашылыққа қажетті техниканы «Ырыс» МКҰ арқылы 43 млн. 100 мың теңгеге лизинг бойынша қаржыландырған. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативінің төрағасы – Озықбай Абзал Мейрамбекұлы. Кооперативте 50 адам тұрақты жұмыс жасайды. Орташа айлық жалақысы – 90 мың теңге.

Мұнан соң, облыс әкімі Тасарық ауылында орналасқан жеке кәсіпкер С.Танабаевтың жүзім шаруашылығында болды. Кәсіпкер тастақ жерді тиімді пайдаланып, 2016 жылы жаңа техноло-

гиямен 10 гектарға жүзім еккен. Ал, 2017 жылы қосымша 10 гектар жерге 16 мың түп көшет отырғызды. Шаруашылыққа қарасты 20 гектарға жалпы саны 32 мың түп «Таифи-Розовый» жүзімі егілген. Бетон тіреуіштер орнатып, тамшылатып суару жүйесін қолданған. Көшеттерді Сарыағаш ауданынан алдырған. Жобаның жалпы инвестициялық құны – 50 млн. теңге. Қаражаттың тең жартысын «Даму» бағдарламасы аясында «Оңтүстік» аймақтық инвестиция орталығы бөлген. Қожалық басшысы 10 гектар жерді сатып алса, 10 гектар жерді мемлекеттен 49 жылға жалға алған. Жүзім алқабының әр гектарына мемлекет тарапынан 750 мың теңгеден субсидия берілді. Жүзімбақтың биыл алғашқы өнімі жиналады. Гектарына 35-40 тоннадан өнім береді деп жоспарлануда. Жүзімбақта 10 адам жұмыспен қамтылған. Еңбек ақылары орта есеппен 50 мың теңгені құрайды. Ал, маусымдық жиынтерім мезгілінде мұнда 20-ға жуық адам жұмысқа тартылады. Шаруа қожалығы алдағы жылдары жүзімді қайта өңдеу ісін қолға алып, жүзімбаққа жақын маңнан көкөніс сақтау қоймасының құрылысын бастамақ ниетте.

Іскер шаруалардың жұмысымен танысқан өңір басшысы өз кезегінде жеміс-жидекті өңдеу мәселесін қолға алу керектігін атап өтті.

«Еуропа елдерінде 10-15 гектар жері бар шаруалар тек дайын өнімді сатып қоймай, жеміс-жидек пен көкөністі өңдейді. Осы арқылы табыс молырақ түседі. Мәселен, алма, жүзім сақтайтын қоймалар мен оны өңдеп түрлі сусындар шығаратын кәсіпорын салсаңыздар, тиімдірек болады. Жалпы, Төлеби ауданында ілкімді тірліктер атқарылуда.

Сондай-ақ, былтыр көпқабатты 8 үй тұрғындарға берілді. Бұл – аудан тарихында бұрын болмаған оқиға. Аудан-



дағы елді мекендердің 94 пайызы ауыз сумен қамтылған. 14 елді мекенге, яғни, 5000 үйге газ берілді. Газдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Жолдар салынып жатыр. Каналдар тазаланып, суармалы жер көбейді. Осы бағыттан айнымай, кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығын жандандыра түсу керек», деді Жансейіт Түймебаев.



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА «ЕСІМХАН ТӨБЕГЕ» ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Төле би ауданына жасаған жұмыс сапарында Қасқасу ауылдық округі, Кеңесарық елді мекеніндегі «Есімхан төбе» (Дәуіттебе қалашығы) тарихи орнына келді. Археологиялық аймақ Сайрам су өзенінің оң жағалауында орналасқан. Деректерге сүйенсек, өңірде Дәуіт-төбе қалашығы болып, ол отырқышы мәдениет орталығына айналған.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы шеңберінде атқарылып жатқан жұмыстарды саралаған ол, «Есімхан төбеге» көңіл бөлінетінін айтты.

««Есімхан төбені» насихаттап, ғалымдар мен тарихшылардың көмегімен зерттеу жұмыстарын жүргізген жөн. Ол жұмыстарға қолдау көрсетуге дайынбыз. Өңірімізде тарихи орындар көп. Бірақ, соны дұрыс пайдалана алмай отырмыз. Мысалы, осы жерге келген сахатшылар ауылдың тұрғындары әзірлеген ұлттық

тағамдарды тұтынып, этнографиясымен танысуы тиіс. Осы арқылы туризм дамиды. Біз тарихи орындарды насихаттап жаңғырту арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейміз», - деген облыс әкімі Жансейіт Түймебаев осы маңнан табылған тарихи жәдігерлермен танысып, ауыл ақсақалдарымен пікір алмасты.

«Есімхан төбе» археологиялық ескерткіш Сайрамсу өзенінің оң жағасында орналасқан. «Дәуіт-төбе» қалашығына 2006 жылы Түркістан облысы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталығы» МКҚК зерттеу жүргізген. Көне қалашық туралы деректер Ө.Х.Марғұлан атындағы Археология институтында сақтаулы. Ғалымдардың болжамы бойынша «Есімхан төбе» XIV-XVIII ғғ. салынған.

Ж.Түймебаев жұмыс сапарында тау етегінде қазақтың билері туралы 10 сериялы көркем фильмнің түсірілім барысын

көрді. Облыс әкімдігінің қолдауымен «Сақ» киностудиясы қолға алған бұл фильм жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейді. Фильмде Төле би және өзге де би-шешендеріміздің қайраткерлігі көрсетілмек.

Өңір басшысы «Осындай көрікті мекендерде этноауылдарды көбейту керек.

Тарихи орынды туризмнің орталығына айналдыруға мүмкіндік бар. Көне қалашықты қайта жаңғыртып, келушілерді тарихи деректермен қызықтыра білу қажет. Табиғаты керемет жерде жұрт демалып қана қоймай, тарихымен танысады. Жақында араб тарихшыларының бірі жазған деректі оқыдым. Онда түрік әскерлері өте айбынды әрі батыр екені айтылады. Біз өз тұлғаларымызды, батырларымызды, билерімізді жас ұрпаққа дәріптеуіміз керек. Өз тарихы туралы өскерлі фильмдерді көріп өскен ұрпақ ұлттымен мақтан тұтатын болады.

Түркістан облысын құру және облыс орталығын Түркістан қаласына көшіру туралы Елбасының Жарлығын түркістандықтар қуанышпен қабылдап, ел болып мерекелеп атап өтті. Салтанатты жиынға облыс әкімі Жансейіт Түймебаев, облыстық мәслихат хатшысы Қайрат Балабиев, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрмахан Жолдасов, облыстық мәслихаттың депутаттары, облыс ел ағалары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Бұл күні рухани Астанаға облыс мәслихатының депутаттары мен зиялы қауым жиналды. Жабық форматтағы жиыннан шыққандар Түркістан қаласы әкімдігінің ғимараты алдында бірінбірі құттықтап, қаланы дамыту бағытында идеяларын ортаға салды. Мұнан соң, облыс басшысы Жансейіт Қансейітұлымен бірге халық қалаулылары қаланың тұрғындарымен қуанышқа ортақтасты.

Мерекелік жиында сөз алған аймақ басшысы ежелден қазақ хандығының орталығы, күллі түркі жұртының рухани ордасы, мәдени астанасы атанған құт мекеннің облыс орталығына айналуының мән-мағынасына тоқталды.

«Сіздерді көне шаһар Түркістанның облыс орталығы мәртебесін иемденген тарихи сәтпен шын жүректен құттықтаймын! Елбасымыз атап көрсеткендей, өңірдің өркендеуіне тың серпін беруін көздеген шешімнің

Ж.ТҮЙМЕБАЕВ: ТҮРКІСТАННЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ АШЫЛҒАЛЫ ТҰР

тарихи мән-мағынасы өте тереңде. Бұл қадам көне шаһардың қойнауында жатқан тарихи жәдігерлердің қайта жарқырап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің көтерілуіне, жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасының артуына оң ықпал жасайтыны сөзсіз. 1500 жылдан астам тарихы бар жәдігер қаланың ХХІ ғасырдағы жаңа тынысы ашылғалы тұр», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өңір басшысы Елбасы айрықша ықылас пен құрмет танытып, Түркістанды түлетуге ерекше мән беріп келгенін атап өтті. Мәселен, Елбасының тікелей ықпалымен 1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті құрылды. Бұл бастама қаламыздың түркі дүниесіндегі орнын тағы бір айшықтай түсті.

Сонымен қатар, 1998 жылдан бастап Түркістанның 1500 жылдық мерейтойына арналған дайындық шараларына ұласты.

2002 жылы Дүниежүзі Қазақтарының ІІ-ші Құрылтайы да осында өтті.

Түркістан басқа қалалармен несімен ерекшелен-

неді. Мұнда 14-ші ғасырда Ақсақ Темір іретасын қалаған Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі бар. Оған бүкіл түркі жұрты зиярат жасайды. Кесене аумағында Қаздауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр тағы басқалар жерленген.

Түркістан еліміздің Қызылорда, Қарағанды, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары үшін сауда саттық орталығы болса, сондай-ақ, қала «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінде орналасқан және бір жағынан Қытайға, екінші жағынан Ресейге қатынайтын темір жол торабы да бар.

Тамыры тереңге тартқан құт мекен – Түркістан 2017 жылы ТҮРКСОЙ ұйымының шешімімен түркі өлемінің мәдени астанасы атанып, осы жыл көлемінде қалада бауырлас халықтардың бірлігі мен мәдениетін паш ететін түрлі мәдени шаралар ұйымдастырылды.

Салтанатты шараның соңы Қазақстан эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Бетті дайындаған: Балнұр ЖАНЫСБАЕВА.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам дегеніміз - Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 1 бабы 1 тармақшасына сәйкес - мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымын атқаратын адам.

Дәурен АБАЕВ –

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі



«Открытый диалог» бағдарламасының эфирінде Абаев Қытай азаматтарына қатысты визасыз тәртіп енгізу ешқашан көтерілмегенін және талқыланбағанын мәлімдеді. «Алайда, транзит

жолаушыларына - Қытай мен Үндістан азаматтарына қатысты 72 сағаттық визасыз тәртіп енгізілді. Қазақстанның ауқымы кең, сондықтан жүк пен жолаушылар транзитінен пайда табуымыз керек. Мәселен, Қытай азаматтары Еуропаға, Ресейге Қазақстан арқылы ұшса, бұл бізге тиімді. Бірақ Қазақстан арқылы теміржол көлігі қызметін пайдаланатын транзит жолаушыларына да, ұшып-қону интервалы ұзақ әуе рейстеріне де бір тәулік аздық етеді, сондықтан транзит жолаушыларының елде болу уақытын үш тәулікке дейін ұзарттық», - деді Дәурен Абаев. «Синофобия, яғни қытайдан қорқу тарихтан бастау алады. Бұл факторды фейк жасаушылар жүйелі түрде қолданылады, себебі Қытайға байланысты кез келген «қорқынышты өңгіменің» барлығын қазақстандық қолданушылар желілерде бірден іліп өкетеді. Екінші фактор - орыс және тіпті ағылшын тілдеріне қарағанда біздің азаматтардың көбі қытай тілін біле бермейді. Сондықтан, шын мәнінде не болып жатқаны бізге түсініксіз қалады. Үшінші фактор - Қытайды білмеу. Қытайда болған адам мен болмаған адамның ойында бүлел туралы ой әрқилы, осы себепті қазақстандықтардың басым бөлігі стереотипке қатып қалған. Қытайлықтар жаппай Қазақстанға ұмтылып жатыр деген сөз - аңыз», - деп мәлімдеді Абаев.

ЖАУАПТЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

Ахметжан ЕСІМОВ –

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы

«Бұл бағдарламаның мазмұнына тоқталсам. Біз компанияның қоржындық компанияларының сатып алуларында тек импорт болып табылатын тауарларды анықтап, тізбесін бірлесіп жасаймыз. Кейін «Атамекен»



палатасымен бірлесіп, Қазақстанда қажет өндірісті ұйымдастыруға әлеуетті инвесторлар арасында конкурс өткіземіз. Қор өз тарапынан қажетті өндірісті жолға қоятын конкурс жеңімпаздарымен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға дайын екенін растайды», - деп түсіндірді «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басшысы Ахметжан Есімов. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы осы бастамаларды іске асыру отандық кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандырып, жаңа өндірістер құрылатынын, жаңа жұмыс орындары ашылатынын және бюджетке қосымша салық түсімдері қамтамасыз етілетінін тілге тиек етті. «Қор таяудағы 2 жыл ішінде, холдинг ішіндегі кооперациядан шығу есебінен, кәсіпкерлік субъектілері үшін бәсекелес ортаға шамамен 700 млрд. теңге көлемінде сатып алуды тапсырады. Бұл біршама кәсіпкерлер тобының акционерлік қордың сатып алулар процесіне қатысуына мүмкіндік береді», - деді Ахметжан Есімов / [Baq.kz](#)/.

Қалмұханбет ҚАСЫМОВ –

ҚР Ішкі істер министрі



«Өткен жылы біздің министрлікте 18,5 млрд теңгеге дебиторлық кредит пайда болды. Оның ішінде 17 млрд теңгені біз екі ұшақты сатып алуға жұмсадық. Бірінші ұшақты біз Қытайдан сатып аламыз. Оған 14,2 млрд теңге төленді. Ал, биыл 3,2 млрд теңге төленеді. Қазір ұшағымыз 97% дайын тұр. Жылдың аяғында сатып аламыз. Екінші ұшақты алуға Украинаның Харьков қаласындағы зауытқа тапсырыс бердік. Бірақ олармен 1,5 жыл бойы соттасып, мамыр айында Харьков облысының соты шешім шығарды. Бізге зауыт 15 млн долларды қайтарады», - деді министр. Осы орайда ол ішкі істер министрлігінің кредиторлық берешегіне тоқталды. «Министрліктің кредиторлық берешегі осы жылдың басында 3 млрд теңгеге жетті. Оның ішінде 1,8 млрд тең-

ге Ұлттық ұлан қызметкерлерінің тұрғын үйді жалға алу бойынша, қызметтік үйлерді жекешелендіруге мемлекет беретін өтемақы. Қазір біз осы жағдайды қаржы министрлігімен бірге шешіп жатырмыз. Сонымен қатар, басқа кредиторлық берешегіміз бар. Мысалы, 5 айдың ішінде біз 400 млн теңгені құрайтын қарызымызды толықтай жаптық. Қалған сома бойынша қаржы министрлігімен жұмыс істеп жатырмыз», - деп түйіндеді сөзін Қалмұханбет Қасымов / [Baq.kz](#)/.

Бақыт СҰЛТАНОВ –

ҚР Қаржы министрі



«Республикалық бюджет шығыстары 3 684,5 млрд теңгеге игерілді. Игерілмеу сомасы 58,4 млрд теңгені құрады», - дейді Бақыт Сұлтанов. Қаржы министрінің баяндамасына құлақ ассақ, игерілмеген ең үлкен қаражат келесі ведомстволарда қалыптасқан: қаңтар-мамыр аралығында Қорғаныс министрлігі - 17,2 млрд теңгені, Ауыл шаруашылығы министрлігі - 8,5 млрд теңгені, ал Ішкі істер министрлігі 5,4 млрд теңгені игере алмаған. Бұл ретте Мәдениет және спорт министрлігінің үлесі 7,8 млрд теңгені, Қаржы министрлігінің үлесі 3,3 млрд теңге, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің игерілмеген сомасы 3,4 млрд теңгені, Жоғарғы соттың үлесі 1,8 млрд теңгені құраған. Министрдің айтуынша, 1 маусымдағы жағдай бойынша 178,6 млрд теңгеге міндеттемелер қабылданып, қазынашылықта тіркелген. 96,9 млрд теңгеге әлі де болса міндеттемелер қабылданбаған. «Оның ішінде 83,9 млрд теңгесі Инвестиция және даму министрлігі бойынша 25 автожол жобаларының құрылысын салуға келеді. Осы соманың 46,1 млрд теңгесіне 12 маусымға шетелдегі мердігерлермен қаржылық келісімшарттарға қол қойылды. Өткен жиналыста айтылғанындай, 13 жобаға бөлінген 42,9 млрд теңгенің игерілмеу қаупі бар», - дейді Бақыт Сұлтанов.

Данияр АҚЫШЕВ

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы



Ол жылдық инфляция өткен жылдың соңындағы 7,1%-бен салыстырғанда, мамырда 6,2%-ға дейін төмендегенін атап өтті. Осылайша, инфляция деңгейі 2018 жылға арналған 5-7%-дық нысаналы дәлізге сәйкес келеді. «Инфляциялық күтулердің төмендеуі байқалады. Мамырда

халық арасында жүргізілген пікіртерін нәтижелері бойынша бір жыл алға күтілетін инфляцияны сандық бағалау жыл басындағы 7,1% мәннен және сәуірдегі 6,3% мәннен төмендеп, 6% деңгейінде тұр», - деп түсініктеме берді Д.Ақышев. Оның айтуынша, инфляциялық процестердің баяулауы және осы үрдістің орта мерзімді перспективада сақталуын бағалау базалық мөлшерлемені төмендетудің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Ағымдағы жылдың басынан бастап, ол төрт рет 10,25%-дан 9%-ға дейін төмендетілді. «2018 жылғы бес айда валюта нарығындағы ахуал жалпы алғанда тұрақты болды. Ұлттық валютаның бағамын белгілейтін факторлар оңтайлы қалыптасты. Ағымдағы жылы теңге жылдың басынан бері бір АҚШ доллары үшін 333, 8 теңгеге дейін 0,4%-ға шамалы әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 318,3-334,0 теңге аралығында өзгерді», - деді Ұлттық Банк Төрағасы. Қорытындылай келе Д. Ақышев Ұлттық Банктің алтынвалютта резервтері мамырдың соңында 31,2 млрд АҚШ доллары, Ұлттық қордың активтері 59,2 млрд АҚШ доллары болғанын атап өтті. Жалпы халықаралық резервтер жыл басынан бастап 1,4%-ға немесе 1,3 млрд АҚШ долларына ұлғайып, 90,4 млрд АҚШ долларын құрады.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК –

ҚР Инвестициялар және даму министрі



Министрдің мәліметіне сүйенсек, өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында 2011-2017 жылдары республикалық бюджеттен 494 млрд. теңге бөлінген. Сонымен қатар, қала мен ауыл тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін 1684 жоба іске асырылған. «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында сумен жабдықтауды қалаларда 97%-ке, ауылдарда 62%-ке, су тартуды қалаларда 97%-ке, ауылдарда - 13%-ға жеткізу көзделген. Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында 2011-2017 жылдары республикалық бюджеттен 494 млрд. теңге бөлінді. Қалалардағы және ауылдардағы сумен жабдықтау және су тарту саласында 1684 жоба іске асырылды», - деді министр. Ведомство басшысының айтуынша, 2011-2017 жылдары халықты сумен жабдықтау қолжетімділігі жоспардан асыра орындалды. «2011-2017 жылдары халықты сумен жабдықтау қолжетімділігі: қалаларда 82%-дан 93,8%-ке дейін (жоспарда 90%) (11,8%-ке); ауылдарда 42,5%-тен 57,4%-ке дейін (жоспарда 55%) (14,9%-ке) өсті. Орталық су тарту жүйесіне қолжетімділік: қалаларда 73%-тен 88%-ке дейін (15%-ке); ауылдарда 8,8%-тен 11,5%-ке дейін (2,7%-ке) өсті», - деді ол. Министр 2025 жылға дейін қалаларды орталық сумен жабдықтау 100% болатын жоспар бекітілгенін атап өтті.

Дайындаған: Айдар ДИДАР.

Ақмола облысы

ЭЛЕКТРОНДЫ ДЕНСАУЛЫҚ ПАСПОРТТАРЫМЕН ХАЛЫҚТЫҢ 99% ҚАМТЫЛДЫ

Бүгінгі таңда, 755 690 электронды денсаулық паспорты толтырылды (бекітіп берілген халықтың 99%).

Дәрігерге жазылуға және үйге дәрігерді шақыруға мүмкіндік беретін DamuMed мобильді қосымшасында 13 431 интернет-белсенді ақмолалықтар тіркелді.

Басқарма алдында ағымдағы жылдың соңына дейін медициналық ұйымдарды интернетке қол жетімділігі бар компьютер техникасымен қамтамасыз ету, 2018 жылғы қыркүйекке дейін медициналық құжаттарды электронды форматқа көшіру мақсаты тұр.

Сондай-ақ, Ақмола облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Азамат



Сағынбаев баяндама жасады. Оның ақпараты бойынша, жер иегерлері егін егу науқанын өткізуге дайындалуды тиісті деңгейде өткізді. Олар тұқым материалын, ауыл шаруашылығының техникасын, жанар-жағармай материалдарын, минералды тыңайтқыштарды уақытында

дайындады. Жиі жауған жауын-шашынға қарамастан, Ақмола өңірінде ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жұмысы аяқталып келеді. Дәнді және бұршақты дақылдарды себу 4,3 млн.га (100%), майлы дақылдар 263,6 мың га (белгіленгеннен 102%) ауданында жүргізілді.

2018 жылы мемлекет облыстың агроөнеркәсіп кешенін дамытуға субсидия түрінде шамамен 30 млрд.теңге бөлетінін атап өту қажет.

Қызылорда облысы

544 ШАҚЫРЫМ СУ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Қызылорда қаласында су құбырларының 75 пайызы жаңартылып, толығымен таза жер асты ауыз суын тұтынып отырған бірден бір қала. Бұл мақсатта соңғы 5 жылдың ішінде қаланың ауыз су инфрақұрылымын дамытуға 16 млрд. теңгеге жуық қаржы тартылып, 544 шақырым су құбырлары жаңартылған. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қала әкімінің орынбасары Б.Сәрменбаев мәлімдеді.

Оның айтуынша, шаһардың ауыз су және көріз су жүйелерін қайта жаңғыртуға «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Республикалық бюджеттен 1 млрд. 584 млн 151 мың теңге қаржы бөлініп, 13 жоба бойынша 17,03 шақырым ауыз су және көріз су құбырларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Қаламызда жылу желілерін жаңарту жұмыстары да қарқынды. Соңғы 5 жылда қаладағы

магистральды жылу желілерін жаңартуға 8 млрд. теңгеден астам қаржы жұмсалды. Биыл жылу жүйелері мен қазандықтарды ағымдағы, күрделі жөндеуден өткізуге «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Республикалық бюджеттен 2 млрд. 210 млн 450 мың теңге қаржы бөлініп, 8 жоба бойынша 7,433 шақырым жылу құбырларына жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр, - дейді қала әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, баспасөз мәслихатында Б.Сәрменбаев қаладағы жол құрылысын дамыту барысындағы атқарылған жұмыстарды да тарқатып айтып берді. Оның айтуынша, соңғы 5 жылда Қызылорда қаласында жол құрылысын дамытуға 23 млрд. теңгеден астам қаржы тартылып, 500 шақырымға



жуық жолдарымыз орташа, күрделі жөндеуден және қайта жаңғыртудан өткен.

Қала халқының саны жыл сайын жоғары қарқынмен өсіп, тиісінше жаңа тұрғын аудандар мен жаңа көшелер пайда болуда. Сондықтан да жыл сайын қала тұрғындарының сұранысына сәйкес жол сапасын жақсарту, жаңа жол құрылыстарын жүргізу бағытында үлкен жұмыстар атқарылып жатыр.

Қостанай облысы



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН SMART ОРТАЛЫҚ АШЫЛМАҚ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қостанай облысында 2017 жылы бағдарлама аясында 24 жоба, 2,7 млрд теңгеге 339 іс-шара ұйымдастырылды. «Биыл 131 жоба жоспарланған. Оның шеңберінде 802 іс-шара өткізіледі. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында «Рухани қазына» кіші бағдарламасы шеңберінде бір жоба мен 79 іс-шара аяқталды. Соның арқасында мектеп мұражайларының саны көбейіп, туристік-өлкетану бағытындағы үйірмелер жұмыс істей бастаған.

Аталған бағдарлама бойынша биыл мамыр айында Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайында «Рухани жаңғыру» атты жаңадан экспозиция залы ашылды. Сондай-ақ, «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыруға екі жүзден астам бизнес өкілі жұмылдырылды. Меценаттардың қаражаты есебінен биылғы жылдың бірінші тоқсанында облыста жалпы құны 172,2 миллионға 21 IT-технология кабинеті ашылды. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін және бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу мақсатында жылдың соңына дейін әрбір қала мен ауданда меценат-

тардың демеушілігімен тағы бір IT-сыныбын ашу жоспарда бар.

IT технологиялар кабинетін ашу мәселесіне келсек, ұсынысты қолдаймын. Әзірге, 2018 жылы 43 кабинет ашамыз. 2019, 2020 жылдары кабинеттердің саны артуы керек. Демеушілер қаражатын тарту арқылы кабинеттерді қажетті құрылғылармен қамтамасыз етеміз», - деді ол. Селекторлық отырыста Амангелді ауданының әкімі Нұржан Өтегенов «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ауданда орындалуы туралы баяндама жасады. Амангелділіктер бағдарламаны жүзеге асыруды былтыр Байғабыл ауылында бастаған. «2017 жылы Байғабыл ауылында «Жаңғыру көктемі» атты жерлестер форумын ұйымдастырдық. Форум аясында ауылдың екі қорымы қоршалды.

Жиында белгілі болғандай, биыл Қостанай қаласында балаларға арналған «Smart City» орталығы ашылады. Қазіргі күні Smart орталығының орналасатын жері анықталған. Жоба аясында балалар біздің елімізден басқа, ТМД аумағында кең тараған ноу-хаулармен танысып, озық инновацияны меңгеретін болады.

Ақтөбе облысы

ПАНТЫ ӨНІМІМЕН ЕМДЕЙТІН ЕМХАНА АШЫЛДЫ



Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында «Зәру» пантомен емдеу шипажайы ашылды. Салтанатты шара барысында облыс әкімі Бердібек Сапар-

баев жобаның жергілікті тұрғындарды сауықтыруға және облыс туризмінің дамуына оң әсерін тигізетініне сенім білдірді.

- Мен осында тек ақтөбеліктер ғана емес, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің көршілес өңірлерінің тұрғындары да келеді деп ойлаймын. Қазіргі заманғы пантомен емдеу емханасының ашылуы - дәстүрлі емес ауыл шаруашылығы мен табысты аймақаралық ынтымақтастықты белсенді дамытудың айғағы. Біз аграрлық секторда облыс үшін таңсық өндірістің түрлерін қолдау арқылы экономиканың бұрын игерілмеген әлеуетін пайдаланып, ең бастысы -

азаматтарымызды өз өндірісіміздің пайдалы өнімдерімен қамтамасыз етеміз, - деп атап өтті Бердібек Сапарбаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы жергілікті билік дәстүрлі емес ауыл шаруашылығымен айналысатын АӨК субъектілері үшін толық қолдау көрсетеді деп сендірді.

Айта кетейік, мемлекеттік қолдау шараларының біразы бұғы мүйізімен емдейтін емхана-шипажайдың екі қабатты ғимаратының құрылысымен



оның жанында жұмыс жасап жатқан марал өсіру фермасына да қолданылды. Жергілікті органдар Қазан ауылына жақын маңдағы фермаға 700 гектар және шипажайға тағы 1 гектар жер бөлген. Кәсіпкерлікті бірыңғай қолдау мен дамытудың «БЖК-

2020» бағдарламасы аясында пайыздық ставканы субсидиялау арқылы 150 млн теңге көлемінде қарыз қаражаты берілді. Жобаның жалпы құны - 450 млн теңге.

Шипажай Шығыс Қазақстан облысынан әкелінген 150-ден аса марал емдеу шикізатымен қамтамасыз етілетін болады. Фермада барлығы 30 адам еңбек етпек. Келешекте марал мүйізінің негізінде биологиялық қоспалар шығару жоспарда бар.

Шипажайдың алғашқы келушілері 25 маусымда келеді деп күтілуде. Пантотерапия курсының ұзақтығы 5-10 күн.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ПРОКУРОРЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕЗДЕСУІ



Шымкент қаласы, 2018 жылғы 21 маусым. Бүгін Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Өзбекстан Республикасының Бас прокуратурасы

өкілдерінің екі жақты жұмыс кездесуі өтті.

Кездесуге Қазақстан тарапынан Бас прокурордың бірінші орынбасары Ф.Нұрдәулетов, Бас

көлік прокуроры және Ақтөбе, Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарының прокурорлары қатысты.

Өзбекстандық делегациясын

Өзбекстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Э.Т.Юлдашев бастап келді. Делегация құрамында Ташкент, Сырдария, Жизақ, Науаи облыстарының прокурорлары бар.

Кездесу барысында заңсыз еңбекке тарту, қылмыстық қудалау шеңберіндегі халықаралық тапсырмаларды орындау, сотталған Өзбекстан Республикасы азаматтарын беру, сонымен қатар, шекарадағы өткізу-бақылау бекеттерінен автокөліктік айналым жасау мәселелері талқыланды.

Жиын қатысушылары шекаралық қарым-қатынас, Қазақстан мен Өзбекстан прокуратураларының өзара әрекеттесуі, екіжақты келісімді одан әрі қарай жетілдіру ведомстволаралық ынтымақтастықтың нығайтуына алып келетіндігін атап өтті.

Жиын соңында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және Өзбекстан Республикасының Бас прокуратурасы өкілдері заңсыз еңбекке тартудың алдын алу мен сотталғандарды беру және қылмыстық-құқықтық саладағы халықаралық тапсырмаларды орындауға бағытталған бірқатар құжаттарға қол қойды.

КӨРШІ ЕЛДЕР АРАСЫНДАҒЫ АВИАРЕЙСТЕР САНЫ АРТАДЫ



Астанада Қазақстан мен Өзбекстанның авиациялық билік органдарының ресми келіссөздері өтті, деп хабарлады ҚР ИДМ баспасөз қызметінен. ҚР ИДМ Азаматтық авиация комитетінің төрағасы Талғат Ластаев Өзбекстан Республикасының Ұшу қауіпсіздігін қадағалау мемлекеттік инспекциясы бастығының орынбасары Олег Лим бастаған өзбек елінің делегациясымен кездесті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша әр тарап үшін Астана-Ташкент бағытындағы рейстер санын аптасына 4-тен 6-ға дейін және Алматы-Ташкент бағытында аптасына 7-ден 10 рейске дейін арттыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Бұл келісім екі елдің бекітілген әуе компанияларына аптасына 32 рейсті орындауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бекітілген әуе компаниялар арасында өзара тиімді шарттармен «шер-код» коммерциялық келісімге қол қоюға уағдаласты.

Кездесуде қол жеткізілген келісімдер туризм мен сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға ықпал етеді және екі ел арасындағы ынтымақтастық деңгейін арттырады.

Бетті дайындаған: Әйгерім ӘЛІБЕКОВА.

ШЫМКЕНТТЕ Халықаралық діни форум өтті



Қазақстандағы Өзбекстан жылы аясында «Бауырлас елдердің рухани ортақ құндылықтары» атты халықаралық форум өтті. Форум жұмысына Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Серікбай Қажы Ораз, Өзбекстан мүфтиі Усманхан Қажы Алимов бастаған бір топ делегация, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ұласбек Сәдібекұлы, мемлекет және қоғам қайраткерлері - Розақұл Халмұрадов, Шалатай Мырзахметов, ҚМДБ ғалымдары мен жергілікті 600-ден астам имам қатысты.

Ал, шараның басты қонағы болған Өзбекстан мүфтиі Усманхан қажы Алимов: «Қазақ-өзбек арасындағы рухани байланысты нығайта түсетін игі істер, алдағы уақытта жүйелі жүргізілетін болды.

Халықаралық форумда сөз бастаған Бас мүфтиі Серікбай қажы Сатыбалдыұлы:

«Әйгілі Омар Хайям: «Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытты болар. Бірі - қазығына талғаммен қарайтын жан, екіншісі - айналасындағы достарын жөнімен таңдай білетін адам», - деген екен. Біздің халқымызда: «Көршіні құдай қосады, досты - таңдайсың», - деген қанатты сөз бар. Өзбекстан - Құдай қосқан әрі біздің таңдаған ең жақын көршіміз, стратегиялық әріптесіміз, рухани жағынан да жақын бауырлас ел. Қазақ-өзбек бауырлас-тығын арттырып, ортақ тари-

хымыз бен мақсат-мүддемізді нығайтып, ұлы дала өркениетінің өзегі болған асыл дінімізді насихаттай түссек деген ізгі ниет баршамызды шырайлы Шымкент шаһарына топтастырып отыр», - деп атап өтті.

Серікбай қажы Ораздың айтуынша, ежелгі Мауреннахрда түркілік мәдениет жаңғырып, рухани ренессанс дәуірін басынан өткерді. Түрік мемлекеттерінің саяси әрі мәдени-дүниетанымдық негізі қалыптасты. Адам санасының құндылық-құбылыстың рухани жаңғыруының көш басында Мауреннахрдан шыққан дін ғұламалары тұрды. Олардың ілімі парасаттылық пен адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырды.

Мінберде баяндама жасаған



Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Усманхан Қажы Алимов түбі бір, діні бір, мәнәбы бір қазақ-өзбек халқының рухани байланысы жаңа деңгейге көтерілгенін айрықша атап өтті.

Форумда сөз алған Розақұл Халмұрадов, Шалатай Мырзахметов сынды қоғам қайраткерлері халықаралық жиынның жұмысына сәттілік тілеп, ізгі ниеттерін жеткізді.

2016 жылдың 21 қарашасында өткен Қазақстан судьяларының VII съезінде жаңа Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Бұл құжат судьяның қызметтегі және тұрмыстағы жүріс-тұрысының этикалық талаптарын белгіледі.

Кодексте судьяның біліктілігі, моральдық-адамгершілік бейнесі, құзыреттілігі мен ұқыптылығы, оның сот ісін жүргізу мәдениеті баяндалды.

Кодекстің жаңа ерекшеліктерінің бірі – судьяның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының жүріс-тұрыстарының қағидаттары да айқындалған.

Ел сеніміне ие болу үшін, судья өз білімі мен тәжірибесін үнемі арттырып отыруы тиіс, әділ және кіршіксіз таза сот билігі жөнінде дұрыс пікір қалыптастыру мақсатында іс жүргізудің жоғары мәдениетін көрсетуге, іске қатысушылардың судьяның бейтараптығына күмән келтіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

Судьяның мұндай келбеті бірден қалыптаса қоймайтындығы баршаға түсінікті. Ол үшін қыруар жұмыс атқарылу қажет.

СУДЬЯ ӘДЕБИ КОДЕКСІ - СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов жария еткен жеті маңызды бағыттарының бірі – «Мінсіз судья» деп аталады.

Ол бағыттың мақсаты – адал, бейтарап, әділ, қоғамның жоғары сеніміне ие болған жоғары кәсіби маманды қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі күннің қазыларының қойылатын талаптарға сәйкес келмеуінің себептерінің бірі ретінде судьялыққа үміткерлерді таңдау кезіндегі жұмыстың, судьялардың моральдық-адамгершілік қасиеттері тиісті деңгейге сәйкес келмейтіндігі жұмыс тобының зерттеу қорытындысында баяндалған.

Жұмыс тобының мұндай тұжырымымен келісуге болады.

Қазақтың ұлы баласы М.Әуезов «Ел боламын десең-

бесіңді түзе» деген сөзі баршаға мәлім. Бұл қанатты сөздерді сот жүйесіне де пайдалануға болады.

Менің айтайын дегенім, судья болатын маманды ертеден дайындаған дұрыс болар еді.

Ол үшін судья лауазымына бейімді азаматтарды заңгер мамандығына оқытатын жоғары оқу орындарынан бастап дайындау керек.

Осы кезеңнен моральдық-адамгершілік қасиеті жоғары, мәдениетті, қиындыққа (стресске) төзімді студенттерді іріктеп, мамандыққа даярлау оң нәтижесін берері сөзсіз.

Бұл-келешектің еншісіндегі мәселе.

Бүгінгі күннің судьясы жұртшылықтың сот төрелігі жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында төртгіптің жоғары әдептік

стандарттарын әйгілеуге және жетілдіріп отыруға ұмтылуға міндетті екендігін ұмытпауы тиіс.

Осы орайда қағардағы судьялар үнемі өзінің кәсіби біліктілігі мен мәдениетін арттыруға, өзінің антына адал болуға, ар-ожданы мен жеке басының қадір-қасиетін сақтауға міндетті болса, осындай талаптар судьялыққа үміткерлерге де қойылуы тиіс.

Қазіргі жағдайдағы тағылымдамадан өту тәртібі үміткердің тек кәсіби біліктілігін анықтауға ғана бейімделген, оның адамгершілік және моральдық-әдептік бейнесіне баға беруге мүмкіндік бермейді.

Сондықтан, судья қызметіне үміткерлердің ішкі дүниесін, адами қасиеттерін, болашақ жұмысына көз-қарасын анықтау мақсатында шығармашы-

лық жұмыс дайындауды, осының нәтижесінде олардың психологиялық бейнесіне психолог-мамандарымен баға беруді енгізу қажет сияқты.

Мұнымен біз судья қызметіне кездейсоқ адамдардың келуіне тосқауыл қоятын болар едік.

Әрбір судьяның әдепсіз көріністерге жол бермейтін мүлтіксіз таза келбеті мен қасиетін қалыптастыруға бағытталған іс-әрекеттері сот билігінің абыройын асыруға, қоғамның сотқа деген көзқарасын өзгертуге оң ықпалын тигізеді.

Әрине, судьяның әдептілік қағидаттарын сақтамау жағдайлары судья беделіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан, әр судья сот төрелігін асыру кезінде және қызметтен тыс жерде судья мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге міндетті.

Қазыларымыздың абыройы мен таза бейнесі, адамгершілік тазалығы судья деген жоғары мәртебелі атқа лайықты болуы тиіс.

Мұхтар ПАРМЕНОВ,
ОҚО сотының судьясы,
Судья әдеби жөніндегі комиссияның төрағасы.



ШЫМКЕНТТЕ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Шымкент қаласында Қазақстан полициясының 26 жылдығына байланысты ескерткіш-обелиск ашылды. Салтанатты шараға Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев, Шымкент қаласының әкімі Ф.Әбдірахымов, милиция генерал-майоры Ж.Сұлтанов және өзге сала ардагерлері мен полиция қызметкерлері қатысты.

Ескерткіштің ашылу рәсімінде алғашқы болып сөз алған облыс басшысы Жансейіт Қансейітұлы жаңа нысанның мән-маңызына тоқталып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің төл мерекесімен құттықтады.

«Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, елтыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектерін ескере отырып, қаза тапқандардың құрметіне орай ескерткіш қоюды жөн көрдік. Бүгінгі ұрпаққа ұлағат, болашаққа аманат етуді мақсат еткен бұл нысан өткенге тағзым болары сөзсіз. Әрине ерлікпен қаза тапқан батырларымызды ешбір ескерткішпен алмастыра алмаймыз. Елдің тыныштығы жолында жанын құрбан еткен ержүрек, батыл ерлер ешқашан ел жадынан шықпайды. Құрметті полиция қызметкерлері! Өрқашан анттарыңызға адал болып,

ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер! Еліміз тыныш, халқымыз аман, төуелсіздігіміз тұғырлы болсын!», - деді облыс әкімі.

Салтанатты шара аясында облыстық Ішкі істер департаментінің жеке аппарат құрамы салтанатты шерумен жүріп өтті. Сондай-ақ, шараға қатысушылар ІІД музейін тамашалады.

Кейін «Қоғамдық келісім» мекемесінің ғимаратында полиция саласында арналған фото көрме ұйымдастырылды. Үздік полиция қызметкерлері марапатталып, шара соңы мерекелік концертке ұласты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ТӨЛ МЕРЕКЕСІН АТАП ӨТТІ



Түркістан облысының және Шымкент қаласының мемлекеттік қызметшілері кәсіби мерекелерін атап өтті. Биыл бұл мереке Мемлекеттік қызмет органдарының 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. «Қазақстан Халқы Ассамблеясы» ғимаратында 900-ге жуық мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен өткен салтанатты шараға облыс әкімі Ж.Түймебаев, Шымкент қаласының әкімі Ф.Әбдірахымов, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің өңірдегі Департаментінің басшысы Ә.Көмекбаев, облыстық мәслихат хатшысы Қ.Балабиев және халық қалаулылары мен мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

Мерекелік шарада алғашқы болып сөз алған Түркістан облысының әкімі Жансейіт Қансейіт-

ұлы барлық мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекемен құттықтап, еліміздің өсіп, өркендеу жолында толағай табыстар тіледі.

«Дана халқымызда «Билігі мықты елдің – тірлігі құтты болады» деген сөз бар. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті - туған Отаны мен халқына адал қызмет етуімен бағаланады. Елбасымыз ұсынған Бес институционалдық реформада ең бірінші тұрған бағыт мемлекеттік қызметті жаңа деңгейге көтеру, яғни кәсіби мемлекеттік аппарат құру мәселесі қарастырылған. Биыл мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылуына 20 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде мемлекеттік қызмет жүйесі уақыт ағымының талаптарына сай қалыпта-

сып үлгерді. Жалпы ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді. Облысымыздың қарқынды дамуы Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге, тәжірибелеріңізге, ұмтылыстар мен ерік-жігерлеріңізге тікелей байланысты. Ұлттық ұстаныммен мемлекеттік мүддеге қызмет ете берейік», - деді облыс басшысы.

Салтанатты шара аясында мемлекеттік қызмет саласында көп жылдар бойы үлгілі қызмет атқарған мемлекеттік қызметшілерге Облыс әкімінің грамоталары, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің өңірдегі Департаменті басшысының арнайы алғыс хаттары табысталды.

Қазіргі таңда Түркістан облысындағы 575 мемлекеттік органда 8700-ден аса мемлекеттік қызметші бар. Олардың орташа еңбек өтілі 10 жылдан асады. Бұл Елбасы жоспарында айтылған реформаларды жүзеге асыратын кәсіпқойлардың өзегі мол екенін көрсетеді.

Мерекелік шара соңы концерттік бағдарламаға ұласып, кәсіби мереке иелеріне құрмет көрсетілді.

Жансая ЕЛЕМЕСОВА.

Зиябек Рүстемовтың ұстазы Халел Досмұхамедұлы еді. Ташкенттегі Халық ағарту институтында оқытушы қызметін атқарды. Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени, ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін, арнайы құрылған комиссияның төрағасы болды.

«Білім алуға көп еңбек, аса сабыр керек. Білім алудың жолы көп. Ең көбі-жақсы мектеп, білімді мұғалім. Мұнан қалса көпке түсінікті жазылған білім кітаптары»-деген Халел ағаның сөзі Зиябектің кең сарайын ашты. Зиябек өзінің «Кейкі батыр»-дастанын ұстазына оқып беріпті.

«Бабамыз Егей-Сығай, Досбол еді. Ауылымыз Келес бойлап көшкен еді. Өленді осыменен тоқтатайық.

Жан құрдас, көріскенше қош бол енді»-деген дастан шумақтары Халел Досмұхамедұлына ұнапты! - деп Мұсыр Артықов ағай «Мақташы» газетінің редакциясына келіп, Зиябек ақын туралы өңгімелер айтып беретін...

Мен Келес өзенінің жағасындағы журналист Оңғар Исаевтің үйінде көп қонақ болатын едім. Әйелі Сәуле екеуі өте ақкөңіл жандар. Кешкісін өзен жағасында отырып тәтті қиялдарға берілемін.

-Ташкент қаласы жанымызда тұр. Алматыға жылына бір барамын. Ал Ташкентті әр жексенбіде аралаймын. Сіз туған жеріңіз Талдықорғанды сағынасыз. Ол Қытайға жақын! - деп Оңғар өзілдеп сөйлейді.

-Оңғар!
-Ау!
-Париж Коммунасын тарихтан оқыдық.

Ал Келес Коммунасы қай жылы құрылған!-дедім.

-Француздар Парижде коммуна құрды.

Ал Келестің қазақтары Тасбау Борашев пен Зиябек Рүстемовтердің басшылығымен 1923 жылы 1-наурызда коммуна құру туралы шешім қабылданған. 8-наурыз күні жиналыста қаулы қабылдау күшіне енеді. Ол 65-пункттен құрылған коммунаның жарғысы және заңмен таныстырылып, 19 адам мүше болыпты. Бұл-тарих. Оқиға осы Келес жерінде болған. Келес киелі жер!-деді журналист Оңғар Исаев. Ол «Мақташы» газетінің жауапты хатшысы болып қызмет атқарды.

-Сен әлі Келесті сағынасың. Жасың келіп қартайған кезінде іздеп келесің ғой Келеске. Адам өледі. Өйткені, жарық дүние - фәни. Өкініші. Өмірден көрген қызығымыз аз күндік қана. Оған алданбауға тиіспіз.

-Өлімнен құтылмайсың қашсаң -дағы, Атадан Арыстан туып ассаң дағы.

Алладан шынымен - ақ жарлық келсе, Жұлдыз да жерге түсер аспандағы!-деп Шал ақын айтқан екен. Ал Асан Қайғы бабамыз осы Келес бойын желмаясымен кезіп өткен.

-Көлде жүрген қоңыр қаз,
Қыр қадірін не білсін.
Қырда жүрген дуадақ,
Су қадірін не білсін!
Көшіп-қонып көрмеген,
Жер қадірін не білсін!-депті Асан Қайғы.

Сен Жетісудан Келеске келдің. Жер қадірін, ел қадірін білуің керек. Газет редакторының орынбасары болып қызмет атқарасың. ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірдің. Келестің тарихын неге жазбайсың. Зиябек Рүстемов, Дүйсен Пірімбетов, Тасбау Борашевтар туралы. Сен махаббат туралы жазасың! Оны кім оқиды. Жазған соң Өзілхан Нұршайықов туралы «Махаббат қызық

мол жылдарды» жазу керек!-деді Оңғар.

Келес ауданының орталығы ақын Абайдың атымен аталады. Мұхтар Әуезов екі рет ат басын бұрыпты. Ежелгі аты «Ешан-базар»... Социалистік Еңбек Ері Рыскүл Махатова апаймен әңгімелесіп тұрдық. Ол кісі «Мақташы» газетіне келіп, журналистермен кездесу өткізіп тұрды.

-Талғат Бигелдинов атындағы мектепте директор болдым. Алматыдан Талғатты шақыртып, оқушылармен кездесу кешін өткіздім. Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын алды. Тамаша адам! - деді Рыскүл апай.

-Апай, қандай оқуды бітірдіңіз!-дедім мен. Апай күліп жіберді,

Мен мақта тердім.Соның арқасында Социалистік «Еңбек Ері» алтын жұлдызын кеудеме тақтым. Онан соң ЖенПИ-ге оқуға түстім. Студент атандым. Алматыдағы Гоголь көшесінде

Келестегі

серуен құратын едік!- деді ол.

-Кімдермен оқыдыңыз?
Ұзақбай Құлымбетовтың қызы Орынша Қарабалинамен бірге оқыдым. Оның күйеуі Кәкімжан Қазыбаев. ҚазТАГ-тың директоры. Жазушы. Кәкімжан мен Орынша екеуімен хабарласып тұрамын!-деді Рыскүл Махатова.

Келесте өткен ең жылым мен үшін ең бақытты шақтарым болды. Ел, жер тарихымен терең таныстым. Архив беттерін ақтарып отырсам, 1923 жылғы респу-бликада тұңғыш Коммунасы Келесте құрылған. Бірінші жылы коммунарлар 25 гектар жерге мақта, 50 гектар жерге бидай мен бақша егіп, одан 70 пұт бидай, әр деседен 55 пкт мақта жинаған екен.

1928 жылы Коммуна құрамы 100 шаңыраққа өсіпті. Егіс көлемі де ұлғайып 200 гектарға жетіпті. Ел азаматтары бірлесіп 4 бөлмелі үй тұрғызыған екен. Коммунаға 10 жыл толғанда Қазақстан үкіметі халыққа қолдау көрсетіп, 2 «Фардзон» тракторын, 15 ат, 25 сом ақшаны сыйға тартыпты. Жер жекеменшіктен өтіп, үкіметке тікелей қараған Қазақстан басшылығы жерді қадағалап, елге қолдау көрсетіп отырған. Жастарға жұмыс табылады. Бұзақылыққа жол берілмеген.

1930 жылдардағы ашаршылықта еңбекке шыға алмай үйде отырып қалғандар, балаларын Коммунаның кеңсесіне әкеліп, тапсырып кететін болған. Коммуна мүшелері балаларға қамқорлық көрсетіп отырыпты.

Коммунар Дүйсен Перімбетов өмірінің аяғына дейін оқу-ағарту жұмысында табандылықпен қызмет атқарыпты. 1948 жылға дейін, Молотов атындағы жеті жылдық мектепте директор болып еңбек етіпті...

Келес өңірі Құр Келес және сулы Келес деп екіге бөлінеді. Құр Келесте мал шаруашылығымен, ал сулы Келесте мақта, дөңді дақыл, шаруашылықтарымен ертеден айналысыпты. «Ешан базарға» ел барып сауда жасапты. Қазір Абай ауылы..

«Бірлік» совхозының директоры Сәбит Тілеубердиев өте сымбатты сұлу

жігіт болатын. Ақын, жазушы, журналистерді жақсы көреді. Қызылорда қаласынан атақты ақын Асқар Тоқмағамбетовты шақыртып, астына ат мінгізді. Үстіне шапан жапты.

Редактор Сәлімбаева, аудандық партия комитетінің хатшысы Сайлаукүл Барахова қатыстық.

«Қырғи тілді Асқар!»-деп Мұхтар Әуезов мақтаған асыл ағамыз Асқар Тоқмағамбетов ортамызда отыр. Сәкен, Ілияс, Бейімбетке іні болған адам!-деді совхоз директоры Сәбит.

-Мен Ілияс Жансүгіровпен жақын араластым. 1935 жылы Ленинградтан ақын-жазушылар келгенде, Ілияс ағам екеуіміз меймандарды ертіп Шымкент, Шәуілдір, Мырзашөл, Түркістанда бірге болдым.

Сәкен - сұлу жігіт болатын. Ал Бейімбет өте қарапайым еді. Мұхтар Әуезов данышпан адам. Мен соларды көріп ер жеттім. Бақыттымын!-деп Асқар ақын өткен шағын есіне түсірді.

кездерім

Асқар Тоқмағамбетов дастархан ба-сында былай деді:

-Мен Келестің алғашқы коммунасын құрған, қоғам қайраткері, ақын Зиябек Рүстемовтың туған жеріне келіп отырмын. Зиябек жігіттің сұлтаны болатын. Басына киген бөркі өзіне жарасып тұратын.

«-Ғылымның ошағында Мұхтар отыр. Қазынаны Сәбит бастап меңзеп отыр. Нені айтса Жамбыл, Асқар, Ғабит, Тайыр.

Ел де оны ықыласты ұққалы отыр. Абайдай өлсем артта сөзім қалсын. Өзіме өзім құлаш, өзім аршын. Өзімнің бойыма өлшеп көз жасаймын. Менен соң ескерткіш боп көзім қалсын. Десеңіз ойлы оқырман, жат өлшеу бұл Келестен кім иіскемес, әперсем гүл. Болмақпын сол Абайдың мирасқоры. «Аға өлсе - іні мұра, ата өлсе-ұл» - деп. Асқар Тоқмағамбетов Зиябектің өлеңдерінен үзінді оқыды. Жетеліп барып, көсіле сөйлейді.

Бұл өлеңде Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мағжан қосылмады. Олар «халық жауы» болып аталып кетті. Зиябек 1948 жылы өмірден озды. 46 жыл гұмыр кешті. Абайдың өзі 1945 жылдан бастап ақтала бастады. 1945 жылы Абай 100 жасқа толды. Соның құрметіне Келес ауданының орталығына Абай есімі берілді.

«-Абайдай өлсем артта сөзім қалсын»-деп Зиябек ақын өз жүрек сырын ашып салды. Ол Абайдың данышпан ойшыл екенін сезді. Фирдауси, Омар Хаям, Сағди, Гете, Гейне Низами, Науайи сияқты Абайдың ірі талант екенін ақын жан дүниесімен сезінді. Абайдың әлемі тым биікте екенін білді. Менде ақынмын. Сәкен, Іляс, Мағжан ақындармен бірге жүрдім. Бірақ ой жағына келгенде, мен өзім Абай өлеңдеріне жүзіп жете алмай, көл бетіне тұншығып, қалқып шыға келемін. Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқыса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқыса шығады- деп осы Келес-ті кезген Асан Қайғы бабамыз айтып кеткен екен. Зиябек ақын Сталиндік идеологияның күшіне еніп тұрған кезінде өз өлеңіне Абайды кіргізу ерлік деп білемін. Абай үшін өзінің басын қатерге тіккен жалғыз бір-ақ адам болды. Бұл шындық. Ол - Мұхтар Омарханұлы Әуезов болатын!- деді Асқар аға. Ел шапалақтап орындарынан тұрып кетті. «Бірлік» совхозының селолық кеңесінің төрағасы Ө.Телғозиев Асқар Тоқмағанбетовты құшақтап, бауырына басып тұрып алды. Шындық ашылды... Ауыл қариялары көздеріне келген жастарын сұртті.

Асыл тасың жоғалса да,
Асыл досың жоғалмасын, - деген

Әдіһам Шілтерхановтың сөзі ойыма келді.

Үш ай Оңғар Исаевтың үйінде тұрдым. Аудан басшысы Спақұл Малдыбеков маған «Келес» мейрамхананың жанындағы екі қабатты үйлердің бірінен бір бөлмелі пәтер әперді.

Өзі көп кешікпей Жетісай аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысып келді. Оның орнына Алғабас ауданын басқарған Н.Әжіметов сайланды. Спекең азамат адам еді. Келесті жақсы басқарды. Келес өңірі оған құт болды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Ленин орденімен марапатталды. Өзі де іскер басшы еді. Саған жақсылық жасады. Малдыбековтың жақсылығын ұмытушы болма! - деп редакторын Гүлайна Сәлімбаева ақжарқын көңілімен маған сырын айтты. Көңілім түсіп үйге келдім. Әйелім Нұрзайым Маханқызы Омарованың аяғы ауыр. Кенет есік қағылды. Барып аштым.

Ассалаумағалейкум, Сәке! - деп Әуез Бейсебаев кіріп келді. Екеуіміз құшақтастық.

- Әуез-жан! - дедім. Өзіме-өзім сенбедім.

- Шымкенттен келемін! - деді ол. Қарқылдап күлді. Екі қолын ұқалап мәз болды. Нұрзайыммен амандасты. Әуез өңгіме айтты. Америкаға барғанын жыр етті.

- Шаяндағы Серік ағаның үйінде екі күн қонақ болдым. Сен түсіме кірдің. Содан бері тартып кеттің. Сағындым. Мұрат Байжановты көптен бері көрмедім.

Жалғасы бар

Серік ЖАНӘБІЛ,
Шымкент қаласының
"Құрметті азаматы",
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі



Мерзімі өткен жеке куәлік үшін айыппұл төлей ме?

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 492-б.сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының күнтізбелік он күннен үш айға дейінгі мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы – ескерту жасауға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы азаматтарының үш айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен не тұрғылықты жері бойынша тіркеуден өтпей тұруы – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жеке куәлікті қалай ауыстыруға болады?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысының «Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі мен босқын куәлігін ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларын бекіту туралы» сәйкес қолданылу мерзімінің өтуіне, одан әрі пайдалануға жарамсыз болуына, құжаттарды өзгертуге жаңа технологиясына сәйкес олардың түр өзгерісіне байланысты Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін ауыстыру үшін, өтініш иесі мынадай құжаттарды:

1) мемлекеттік баж төленгені туралы құжатты (мемлекеттік баж төлеуден босатылған адамдар растайтын құжаттарды);

2) көлемі 3,5 x 4,5 сантиметр (қағаз бланкідегі формулярды ресімдеген кезде) екі фотосуретті;

3) ауыстыруға жататын жеке басты куәландыратын құжатты ұсынады.

Жаңа Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін жеке басты куәландыратын құжаттардың қолданылу мерзімі өткенге дейін бір ай бұрын ресімдеуге жол беріледі.

Үкілетті органға тапсыруға жататын паспортта шет мемлекеттің қолданыстағы визасы болған кезде, азаматтың өтініші бойынша паспорт алынбайды. Бұл ретте жарамсыз паспорт өтеуге (паспорттың бір жақ шетін тескішпен тесу арқылы) жатады және иесіне қажеттілігі өткенге дейін қайтарылады.

Паспортты қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 332 бұйрығына сәйкес «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өзірледі.

Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау:

1) Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі – ХҚКО) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;

2) дайындаудың жаңа технологиясы-



на сәйкес құжаттардың түр өзгерісіне байланысты жеке басын куәландыратын құжатты ауыстыру кезінде – «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) ХҚКО;

2) құжаттарды портал арқылы қабылданған кезде – көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (сот әрекетке қабілетсіз деп таныған балалар мен азаматтар, өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттар ұсына отырып, олардың заңды өкілдері үшін (ата-аналары, қорғаншылары, қамқоршылары) ХҚКО-ға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін, қажетті құжаттар тізбесі:

ХҚКО-да көрсетілетін қызметті берушіге:

1) құжат үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек (мемлекеттік баж төлеуден босатылған адамдар растайтын құжаттарын ұсынады);

2) құжатты ресімдеген сәтте, көрсетілетін қызметті алушының жасына сәйкес келетін өлшемі 3,5 x 4,5 сантиметр (қағаз жеткізгіште ресімделген кезде) екі фотосурет.

Фотосурет бір негативтен қалың фотоқағазға фото басып шығару әдісімен орындалады, қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген, бейтарап бет көрінісімен және аузы жабық түскен, беті фотосуреттің жалпы ауданының 75% жуығын алатындай болып жасалады. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді. Суретке түсіру кезінде діни не медициналық себептер бойынша басты жабуды қоспағанда, ешқандай бас киім киіп түсеуі жол берілмейді, бұл жағдайда беті иектің төменгі жағынан маңдайына дейін ашық күйде қалады, бас киім көлеңкесінің бетке түсуіне жол берілмейді. Көзі ашық және анық көрінуі тиіс, шашпен жабылмауы қажет. Көзілдіріктің құрсауы көзді жаппайды, шағылыстырғыш және күннен қорғайтын көзілдіріктерге жол берілмейді. Сонымен қатар, құжатталатын адамның бірегей нысанды киімде түскен суретіне жол берілмейді.

«Халықты құжаттандыру және тіркеу» Тіркеу пункті» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ХҚТ ТП АЖ) арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыны фотосуретке түсіру ХҚТ ТП АЖ-да халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес және ақысыз жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының фотобейнесі электрондық формулярға фотосуретке түсіру, қолтаңба сканері арқылы көрсетілетін қызметті алушының қолтаңбасы енгізіледі.

3) мына құжаттардың бірі:

туу туралы куәлік (16 жасқа толған соң, жеке куәлік алу кезінде, 16 жасқа дейін паспорт алу кезінде) және ата-анасының бірінің жеке куәлігі (баланың азаматтығын растау үшін). Ата-аналарының азаматтығы өртүрлі болған жағдайда, шетелдік ата-анасының баланың Қазақстан Республикасы азаматының

ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС

жеке басын куәландыратын құжатын алуға нотариалдық түрде куәландырылған келісім-өтінішін ұсыну қажет;

Қазақстан Республикасы азаматының паспортты (паспорт ауыстырған, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін жоғалтқан кезде);

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін ауыстырған, Қазақстан Республикасы азаматының паспорттын жоғалтқан не оны бірінші рет алған кезде);

ішкі істер органдары беретін белгіленген нысандағы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданғаны туралы анықтама (Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануға байланысты құжаттар алған кезде); Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері берген қайтып оралуға арналған куәлігі (Қазақстан Республикасы азаматының паспорттын шет елде уақытша жүргенде жоғалтқан кезде).

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз тасымалдағыштар арқылы алу кезінде көрсетілетін қызметті беруші жеке басты куәландыратын құжаттар беруге формуляр толтыруды жүргізеді.

Құжаттар қабылданғаннан кейін, көрсетілетін қызметті алушыға беру күнін көрсете отырып, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді тіркеу талоны беріледі.

Құжаттарды қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыларға паспорттар, жеке куәліктер беру көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тіркелген орны, сондай-ақ, паспортын және (немесе) жеке куәлігін жоғалту, олардың жарамдылық мерзімінің аяқталуы, некесін қиюына (бұзуына) байланысты тегін өзгерту, одан әрі қолдануға жарамсыздығы, құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес олардың түр өзгерісіне, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі негізінде алғаш рет алуына байланысты нақты болатын орны бойынша жүзеге асырылады.

Дайын құжаттарды беруді ХҚКО-ның қызметкерлері көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО-ға жеке жүгінген кезде немесе оның заңды не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша сенім білдірілген өкіліне өтінімді тіркеу талонының негізінде жүзеге асырады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алуға келмесе, ХҚКО жеке куәлікті және (немесе) паспортты оның дайындалған күнінен бастап бір жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін көрсетілетін қызметті берушіге оны жою үшін береді.

Портал арқылы ресімделген дайын құжаттарды беруді көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» паспортты және (немесе) жеке куәлікті дайындағаны туралы хабарламаның негізінде көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО-ға жеке жүгінген кезде жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметті беруші және ХҚКО қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ХҚКО ұсынған нысан бойынша жазбаша келісімін алады.

порталға:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен

куәландырылған электрондық сұрау салу;

2) графикалық файл түріндегі өлшемі 3,4x4,5 сантиметр цифрлық фотосурет;

3) графикалық файл түрінде сканерленген нұсқадағы 7x2 сантиметр форматтағы жеке қолы.

Көрсетілетін қызметті берушінің «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, өтінімінің қабылданғаны туралы хабарлама жолданады.

Кәмелетке толмаған жасөспірімді тіркеуден қалай шығарады?

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 332 бұйрығына сәйкес «Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) өзірледі.

Мемлекеттік қызметті Министрліктің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» (бұдан әрі – ХҚКО) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (сот әрекетке қабілетсіз деп таныған балалар мен азаматтар, өкілдік етуге құзыреттілігін растайтын құжаттар ұсына отырып, олардың заңды өкілдері үшін (ата-аналары, қорғаншылары, қамқоршылары) ХҚКО-ға жүгінген кезде, мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) тіркеуден шығаруға жататын азаматтардың айқындалмалық деректерін көрсете отырып, еркін нысанда тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару туралы өтініші;

2) жеке басты сәйкестендіру үшін тұрғын үй иесінің жеке басын куәландыратын құжат (азаматтарды оның өтініші бойынша тіркеуден шығару кезінде);

3) паспорт – жеке басты сәйкестендіру үшін, туу туралы куәлік (16 жасқа дейінгі балаларға) – жеке басты сәйкестендіру үшін (республиканың шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығатын адамдарға) және жеке куәлік (көрсетілетін қызметті берушіге тапсыру үшін);

4) ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығуға арналған рұқсат беру туралы анықтамасы (республиканың шегінен тыс жерге тұрақты тұруға шығатын адамдарға);

5) сот үкімі (бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға);

6) тұрғын үй-жайды пайдалану құқығынан айыру туралы сот шешімі (сот шешімі бойынша тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару кезінде).

Мемлекеттік қызмет республиканың шегінен тыс жерге тұрақты тұруға келген, сот үкімінің негізінде бас бостандығынан айырылған сотталғандар, сотпен тұрғын үйді пайдалану құқығынан айырылған деп танылғандар, тұрғын үй иесінің өтініші бойынша көрсетілетін қызметті алушылар үшін көрсетіледі.

С ГЕПАТИТИМЕН АУЫРАТЫН НАУҚАСТАРҒА БАҒА ЖЕҢІЛДІГІ ҚАРАСТЫРЫЛУДА

Софосбувир және Даклатасвир инновациялық препараттарына бағаның 10 еседен артық төмендеуі С гепатиті бар науқастарды емдеумен барынша көп қамтуға мүмкіндік береді. Осындай төмендеу «СҚ-Фармация» ЖШС және БҰҰ Даму бағдарламасы арасында жасалған шарттың арқасында мүмкін болды, - деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.



«СҚ-Фармация» ЖШС басқарма төрағасының міндетін атқарушы Берік Шәріптің айтуынша, республикалық бюджеттен Софосбувир және Даклатасвир препараттарын сатып алуға 1,5 млрд. артық теңге бөлінді.

«Осы препараттарды сатып алуды ұйымдастырушы БҰҰ Даму бағдарламасы болғандықтан, препарат бағасын төмендетуге қол жеткізілді, бөлінген барлық сомаға осы препараттар сатып алынатын болады. Бұл С вирустық гепатитімен диспансерлік есепте тұрған барлық науқастарды қамтуға, вирустық гепатитке арналған

уақыттылы заманауи емдеуден өтуге мүмкіндік береді», - деді Берік Шәріп.

Софосбувир препаратын ДДСҰ маңызды дәрілік заттар тізіміне енгізгенін атап өту керек. Вирустық гепатитті Софосбувир және Даклатасвир препараттармен емдеу көп жағдайда ағзадағы вирустан толық құтылуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, мұндай емдеу бұрын қолданылғаннан гөрі, жанама әсерлерді айтарлықтай азайтады. Препаратты сатып алу «СҚ-Фармация» ЖШС мен БҰҰ Даму Бағдарламасы арасында жасалған шарт арқылы мүмкін болды.

Дәрі шөптен шығады...

Қант қызылшасы



Ем болатын аурулары:

1. Қант қызылшасын сірке суымен, қышымамен арластырып ішкізсе, көкбауырдағы бөгеттерді ашады.

2. Бір жақ шеке ауырғанда, аяқ-қол қалтырағанда қант қызылшасының суын балмен араластырып, мұрынға таңса ауру жеңілдейді.

3. Құлақ ауырғанда қант қызылшасы жапырағының суын сығып алып, балмен қосып қайнатып, жылы күйінде құлаққа тамызады.

4. Шаштағы бит пен қайызғақты кетіру үшін қант қызылшасы жапырағының суымен шашты жуады.

5. Іш кірнесіне қант қызылшасын қышқыл сірке суымен қосып қайнатып ішсе, ауырғанды басады.

Пайдалану мөлшері: 40 грамға дейін. Қант қызылшасының құрамында каротин бар.

Мақсары

Бір жылдық шөп тектес өсімдік. Биіктігі 100 см болады, көп бұтақты, сабағы тік өседі. Сырты ақшыл сары түсті, ұзын сызықты келеді. Сағасы жапырақтары кезектесіп орналасады. Қатты жапырағының жиегінде сирек тікендер өседі, шоқ бас гүл шоғыры басында орналасқан. Гүлі қызыл түсті, тұқымша жемісі ақ түсті жұмыртқа формалы болады.

Ем болатын аурулары:

Қанды күшейтіп, етеккірді келтіреді. Ісікті қайтарып, ауырғанды басады.

1. Нәресте іште өліп қалғанда, баланың жолдасы түспеген жағдайда белгілі мөлшердегі мақсарыны қайнатып 2-3 үлес ішеді.

2. Құлақтан бұлық аққанда 1г. мақсары мен 30г. ашудақты талқандап, құлақтың ішіне бүркеді.

3. Жығылып жараланғанда 1г. қара андыз, 1,5г мақсары және 1,5г қызыл мияны талқандап, қайнаған сумен ішсе болады.

4. Қартайып еті қашқан адамдарды қуаттандыру үшін 30г. мақсарыны жаншып, оны 250г. суға қайнатып, самасын сүзіп тастап, белгілі мөлшерден қызыл шекер қосып, 30 миллиграмнан бір мезгіл ішеді.

7. Қызыл мұрын ауруына мақсарыдан 9г. қызыл шұғынықтан 9г. шабдул дәннен 12 г. иісті тамырдан 9г. шикі жемжеліден 3 тал, екпе сарымсақ ағынан 3 бөлігін суға қайнатып ішеді.

Пайдалану мөлшері: 1,5-6г.

Академик Жасан Зекейұлының ғылыми материалынан.

Балалар үшін жазғы лагерьді таңдау кезі келді. Барлық ата-ана балаларының бұл кезді қызықты және қала шуылынан алыс жерде өткізгенін қалайды. Қазір республиканың түкпір-түкпірінде және шет елдерде балаларды оқыту және сауықтыру туралы көптеген ұсыныстарды табуға болады, - деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

Ата-ананың мағлұмат алуы үшін Комитеттің сайтында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін, балаларға арналған сауықтыру ұйымдарының тізімі апта сайын орналастырылады:

Комитеттің сайты: <http://kooz.mz.gov.kz> - «Комитет туралы» бөлімі - «Қызметі» - «Балаларға арналған са-



ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬДІ ТАҢДАУ КЕЗІНДЕ НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК?

уықтыру ұйымдары туралы ақпарат».

Балаға жазғы лагерьді таңдау кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті сауықтыру ұйымдарындағы мынадай жағдайларға назар аударуды ұсынады:

- 1) Балалардың тұру жағдайына. Балаларға арналған бөлмелер кең, жарық және жөндеуден өтуі тиіс, онда ыңғайлы тұру және ойындарға арналған барлық жағдайлар жасалуы керек. Бөлмеде неше бала болатынын, терезелер ашылатындығын, жиі тазалау жүргізілетіндігін, санитариялық тораптың барын немесе оның қай қабатта орналасатындығын сұраңыз. Балалардың көпқабатты корпуста немесе коттеждерде тұратындығын біліңіз. Осы ұсақ-түйектерге баланың жақсы көңіл-күйі ғана емес, сонымен қатар денсаулығы да байланысты;
- 2) Лагерьдегі тағам сапасына

назар аудару керек (тіпті, ол палаталы (киіз үйлі) типті болса да). Тағам толық және үйлестірілген болуы тиіс, балалардың ағзаларына есептелуі тиіс. Бала күніне 4-5 реттен кем емес тамақтандырылуы тиіс және түскі асқа ыстық тамақ берілуі қажет. Ата-ана тағамның сапасы мен қауіпсіздігіне сенімді болуы тиіс, сондықтан ұсынылған мәзірді алдын ала қарауы тиіс;

3) Лагерьде күзеттің болуына, өйткені, қауіпсіздік бәрінен бұрын маңызды және аумақтың жақсы қоршалғанын, күзетілетіндігін (тіпті, видеобақылау камераларымен жабдықталу мүмкіндігін), түнде жабылатындығын, балалардың өздігінен шығып кете алатындығын, бөгде адамдардың лагерьге кіре алатындығын, балалардың өздерімен өздері болып, көп уақытқа қараусыз қалатындығын әрқашан сұрап тұру керек.

4) Медицина қызметкерінің лагерьде үнемі болуына. Бұл ал-

ғашқы әлсіздік белгілері пайда болған кезде, баланың ата-анасына хабарлауына мүмкіндік болуы үшін керек. Дәрігерлердің бақылаусыз бала өздігінен ем жүргізбеуі қажет. Шартқа (немесе басқа құжатқа) қол қою кезінде қажет болған жағдайда, алғашқы білікті медициналық көмек көрсету бойынша кепілдік міндетті түрде айтылуы тиіс. Сондай-ақ, аурудың белгілері болса, баланың, тіпті жасы үлкен баланың улануына («қорқынышты ештеңе болмайды», басылады» деп үміттеніп қарауға) жол бермеу керек.

Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінде балаларға арналған жазғы сауықтыру ұйымдарының жұмысы кезінде балалар үшін 8/7172/74-18-64 нөмірі бойынша шұғыл желі жұмыс істейтін болады, бұл желіге қандай да бір кемшіліктер анықталған жағдайда, ауышша немесе жазбаша түрде шағым түсіруге болады.

Демікпе дендеп кетпесін...

Соңғы жылдары бронх демікпесімен ауыру өте жиілеп кетті. Мұны негізгі 3 факторлармен байланыстыруға болады. Алдымен, аллергиялық реактивтіліктің жоғарылауы. Одан кейін, химиялық өнеркәсіптердің дамуымен, қоршаған ортаның ластануымен және тағы басқа жағдайлармен қатынастың жоғарылауынан аллергиямен байланыс артты. Соңғысы, бронх демікпесінің дамуына ықпал етуші тыныс алу жолдарының созылмалы аурулардың жиілеуі. Сонымен бірге, аурудың жастық құрылымы да өзгереді. Бүгінде бронх демікпесімен ауыратын науқастардың 44% -ын қарт және егде жастағы адамдар құрайды. Қарт және егде жаста аурудың инфекциялық аллергиялық түрі кездеседі. Ол көбіне тыныс алу мүшелерінің қабыну ауруларының (созылмалы пневмония, созылмалы бронхит және т.б.) нәтижесінде туындайды. Осы инфекциялық ошақтан ағза өз тіндерінің ыдырау өнімдерімен, бактериялармен және токсиндермен сенсбилизацияланады. Бронх демікпесі өкпедегі қабыну үдерістерімен, жиі ауырған адамдарда ұшырасады.

Ал, бронх демікпесін дұрыс емдемеген кезде, бронх демікпесінің ұстамалары пайда болады және сол кезде бронходилаторларды қолдануға мұқтаждық туындайды, сонымен қатар, ол



қажеттілік үнемі көбейе береді. Және уақыт өткен сайын демікпе ұстамаларын өз күшімен қайтару қиындай түседі де, «жедел жәрдем» шақыруға тура келеді және ауруханаға жату қажет болады. Физикалық белсенділік танытуға шек қойылады (ауыр жағдайларда мүгедектік топқа жатқызу қажет болады).

Демікпенің алдын алуға болады. Аурудың асқынуы көбінесе тұмаудан кейін басталады. Ол үшін тұмау, аллергияны асқындырып алмау керек. Аллергияңыз бар болса, анализ тапсыру арқылы, неден аллергияның барын анықтап алып, соған қарсы ем алу маңызды. Сонымен қатар, жылына бір рет пульмонолог, алерголог, терапевтке қаралып тұрған абзал. Дер кезінде емделіп салауатты өмір сүруді ойлағанымыз жөн. Егерде тынысыңыз тарылып, көп деміксеңіз денсаулығыңызды ойлап, өз уақытында емделуді ұмытпаған дұрыс. Ол үшін таза ауада дем алып, ертеңгісін күнделікті 20-30 минут уақыттай денешынықтыру мен айналысып – денені салқын сумен сүртінуге керек. Салауатты өмір салтын өдетке айналдырып, ылғыйда өзіңізге күтім жасау, әрқашанда қажет.

Нағима ӘЛІМБЕКОВА,

Шымкент қалалық орталық емханасының дәрігер-пульмонологы.

(Соңы. Басы өткен санды)
«Внутри храма, в поименованных выше восьми комнатах, жили постоянно мечетные служители и те лица, которые приходили из других мест для учения. Впоследствии же стали хоронить в этих комнатах знатных особ края. Так здесь похоронены все туркестанские шейх-эл-исламы, ходжи, сейды, все бывшие хакимы города Туркестана и почетнейшие бии конграта. Кроме могилы султан-Рабиги-Бигем, находятся тут могилы некоторых киргизских султанов Средней и Малой Орды, между прочим известного Аблай-хана»
Описание мечети Азрета / Туркестанская область. Заметки статского советника Бекчу-

измерить свой рост, открыл бы ему рот, чтобы тот пересчитал зубы?»
Нурмагамбетов Т. Ошибка века. Алматы, 2001. С.47.
Абылай қабірінің орны және моланың ерекшелігі
Дерек: Яссауи кесенесі ішіндегі орны, Құлпытасының ерекшелігі
Ш. Уәлиханов «Аблай-хан похоронен в Азрет-султана» «похоронен в фамильном склепе, под мечетью Ходжи Ахмета-Ясеви» М.-С. Бекчурун «Внутри храма» А.К.Гейнс «длинные, темные коридоры, в которых похоронены очень большие люди. Так, тут нам показали могилу ... Аблая»
«сделанную, кажется, из



ТАҒЫ ДА АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН ОРНЫ ХАҚЫНДА

рина. Казань. 1872. С. 55.
«По данным М.Бекчурина, на момент его приезда мавзолеем Аблай-хана был еще в целостности и сохранности и находился на внешней площадке комплекса. Поскольку мы верим автору, то этот факт, видимо, не нуждается в дополнительной проверке и аргументации. Кстати, имя М.Бекчурина встречается в числе тех, кого историки и антропологи неоднократно приводят в качестве очевидцев, сообщавших, что прах Аблая покоится внутри мавзолея Яссави. Выходит, они не вчитывались в приведенные нами строки Мирсолыха Бекчурина?»
Нурмагамбетов Т. Ошибка века. Алматы, 2001. С.66.
«Мечеть Азрета заключает в себе еще длинные, темные коридоры, в которых похоронены очень большие люди. Так, тут нам показали могилу, сделанную, кажется, из мрамора, Аблая, хана Средней орды».
Собрание литературных трудов А.К. Гейнса. Т.2. Санкт-Петербург, 1898. с. 274-275
«Рукописи М.Бекчурина, А.К.Гейнса, М.Е. Массона, которые в XIX веке видели мазар собственными глазами и прочли эпитафию, подтверждают, что тело Аблай-хана было похоронено на площади с восточной стороны (ханаки) мавзолея Ходжи Ахмеда»
Нурмагамбетов Т. Ошибка века. Алматы, 2001. С.81.
«Летами он, Абылай, хотя уже не молод, и по примечанию моему кажется за семьдесят перешел. Однако собою еще здоров и виден, росту небольшого».
Рапорт капитана И.О.Брехова Оренбургскому губернатору / Цинская империя и казахские ханства. Алма-Ата, 1989, с. 97.
«И вообще, кто он такой, этот Брехов, чтобы к нему самолично вышел хан и позволил бы

мрамора, Аблая»
Ю. Скайлер «On the right and left are rooms filled with tombs of various Kirghis Sultans of the Middle and Lesser Hordes, among them the celebrated Ablai Khan»
аноним «В Туркестанской мечети Азрет Султана» поставлен мраморный надгробный камень, привезенный с другого кладбища и принадлежавший Суюнч-ходжа хана Н.Н. Балкашин «в Туркестанской мечети Азрет-султана» положен старинный камень, взятый с находившейся вне мечети могилы Суюнч-ходжа хана
«Туркестанская туземная газета»
«Хазирет султанның ишине қоймаққа иттифақ (келісім) қылып», внутри ханаки Ясави А. Диваев кесенесі іші «На камне могилы Аблай-хана написаны слова: «...Эта благородная, чистая усыпальница принадлежит хезрету великому хану ... Абул-хайру Суюнч-ходжа хану...»
А. Кенесарин «В то же время был схвачен и убит Касым хан, приехавший на богомолье в Хазрети-Туркестан. Он похоронен в мечети Хазрети-султана рядом с Аблай ханом»
Н.С. Лыкошин кесенесі іші «В том же пределе есть еще чудо, это так называемый "айна таш" или зеркало-камень. Это намогильный мраморный камень Абылай хана?
*«Вернее, Абул-Хаира Суюнчи-ходжа хана, как значится в надписи на могиле»
Міржақып Дулатов «Абылай хан жатқан бөлме» Сол тасқа «Абылай хан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, офат болғаннан кейін басына қойылыпты»
Г. Грумм-Гржимайло «В Туркестанской мечети» над могилой Аблая... мраморный камень взятый с другого кладбища и принадлежавший могиле

Суюч-Ходжи-хана
Жүсіпбек Аймауыт «Жағаласаң, дәлізде», Яссауи кесенесі іші Мұздай жылтыр, айнадай теріс, шимайша ойып келтірілген олпы-солпысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мүлтіксіз. Ағы мен көгі қара батсайыдай аралас таңдиланған, айқасқан, ... құлпырған көк мәрмер айта қалғандай сұлу екен
Мәшһүр Жүсіп «Хазиретгі Султанға алып келіп, ақ күмбездің ішіне бір бөлмесіне қойып, тасын үстіне орнатты».
«Бұл баяғы Әмір Темірден соң ешкімге шықпаған тас»
Шәді Жәңгірұлы кесенесі іші мәрмердей асылдығы, гауһарға ұқсас Абылайдың дене-бітіміне байланысты барлық мәліметтерді Сүйінішқожа құлпытасы астынан шыққан қанқа сүйектің антропологиялық материалдарымен салыстыру
Тарихи тұлға, Абылай хан жөнінде хабарлар, Сүйініш ханның құлпытасы антропологиялық зерттеу бойынша жынысы ер кісі, жасы 69-70 жаста
Мына кіт.: История Казахстана в русских источниках. Т. 6. Алматы, 2007. С. 149-150
70 жас айналасында бойы «Летами он, Аблай, хотя уже и не молод и по примечанию моему кажется за семьдесят перешел, однако собою еще здоров и виден, росту небольшого».
Мына кіт.: Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII- первая треть XIX века. Часть 1-2, Алма-Ата, 1989, с. 97
164 см дене бітімі «Однако собою еще здоров и виден...»
Оң жеңін босатады, белін байлап. Қыпша бел, жаурынды, биік қабақ. «Сабалақ» дастанынан Дамыған сүйек бедері, өкпе ауқымы оның дене бітімі шымыр екенін көрсетеді.

Сүйектердегі белгілер оның жасына қарамай, шапшаң көп қимылды екенін айғақтап тұр. Оң қолы ерекше қуатты болған.
патология опырық, яғни тісі жоқ
Мына кіт.: Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Алматы, 1992, 173 б. Тістердің жақ сүйектегі түбірлері орналасатын шұңқырлар бітіп кеткен, тістері 50 жасынан бастап түсе бастаған, жарақат орны «салтан в ледвею копьем так сильно ранен, что от того и по отъезду их ходить не мог и в крайней слабости здоровья своего остался».
Мына кіт.: Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII - первой половине XIX в. - М., 1979. С. 133.
XVIII г. «лядвее» сөзі қарасан, аяқтың тізеден жоғары бөлігін атаған Жарақат 1756 ж. алынған Сол жақ ортан жіліктің ұршық басына жақын жерден сынып, кейін сынық орны әбден тұтасып бірігіп кеткен. Мұндай сынған сүйек бірігіп кету тек 50 жасқа дейін болады. лет. Антропологиялық зерттеу бойынша мұндай жарақат әдетте, әскери шайқаста алынады
Салмағы «Между башкирцами известен во время Аблая Исег-батыр; рассказывают, будто он имел однажды встречу с Аблаем, схватил его под мышку и понес с такою легкостью, как бы свою шапку».
Мына кіт.: Уәлиханов Ч. Собр.соч. Т.1. Алматы, 1984. С. 220. 65 кг (қартайған шағында)
Смағұлов О.
ҚР ҰҒА академигі, Болония ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, т.ғ.д.
Қожа М.
Қ.А. Яссауи атындағы ХҚТУ-нің Археология ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, т.ғ.д.
Исмағұлова А.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері

Қазақ тілінің тарихы

Ұшқан құс бір шетінен екінші шетіне қанша мөрте бел суытып, әрең жететін дархан жері бар, жөргегінде Төңірден бата алған қасиетті ана тілі бар, қазақ елінің иесі де, киесі де сол халық. Халық – Құдайдан бір жасы кіші. Қазақ елі қара жаяу халық емес. Қазақ есігі мен жүрегінің тұсына қарауыл қоймайды, қонағын төріне шығарып сыйлайды, өзі төмен отырып тындайды. Көмейіне сөз ұялап, көңіліне ой балалаған арғы аталарымыз Әлім Сақтан сөзге шешен болып өскен.
Тілді өркендету – баршаның ісі. Тіл - тек қарым – қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым. Елбасы жыл сайынғы халыққа Жолдауында да басым бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді жан – жақты дамытуға басты назарда ұстап келеді. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Қоғамда, мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы едәуір кеңейіп келе жатыр деп айтуға толық негіз бар. Қазіргі қоғамымызда жастардың белсенділігі жоғары. Жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.
Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90 - жылдарға қарағанда, әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар онды - солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.
«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ. Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.
Т.МУТАЛИЕВ,
ИЧ-167/11 мекемесінің ТИБКК әділет капитаны.

Мереке құтты болсын

Журналишлар!
28-маусым,
Баспасөз күні құтты болсын!
Қаламдарың қарымды,
Ден-саулықтарың мықты болсын.
Сондықтан,
Облыстың газеттерін құттықтап,
Бауыпайларын құттықтап,
Әзілдегім кеп отыр.
«Оңтүстік Қазақстан» бас газет.
Қалғандары жас газет.
Осы газет өсіп-өнген
« жнүй»
«Жанубий» бар
Аға газет.
Талай толқынды тәрбиелеген,
Намысты қолдан бермеген
Дара газет!
Енді бірі інісі
Бітпейтұғын жұмысы.
«Шымкент келбеті»
Айтпақышы фонограммасы жоқ,
«Шымкент панорамасы» бар.
Аты айтып тұрғандай,
Шымкенттің келбетін
Айнадан көргендей,
Шенеуніктердің жүргенін
Сықылықтап күлгенін,
Кім қанша тал екті,
Құрылысты,
Осы газеттерден көресіз.
Неге күлесіз?
Ал, мына газет
Жиені «Айғақ».
Айғақ айғақпен сөйлейді.
Өтірікке көнбейді.
Бірінші бет:
Қай шенеунік атқа мінді.
Қайсысы мініп ап, қайта түсті,
Осы газет жазады.
Кейде шенділердің,
Қай аптада туылғанын «қазады».
Тап бір анықтама беретін,
ЦОН-сияқты!
Образға кірсе,
Айтқаны алтын
Күлгені күміс,
Еңбек сіңірген артис сияқты!
Енді бір газет
Болесі «Замана!».
Айтары:
Ойбай, ауыл аман ба?
Бұл өзі халықтың газеті.
Үш мезеті
Ауыл аралап шай ішіп,
Жантайып жатып,
Жаңалығын айтып,
Жайлап офисіне қайтады.
Қане, қай басылым
Нақ осылай айтады?
Тағы бір досы,
«Қазақстан жолы»
Желкесі күдірейіп,
Екі көзі ежірейіп,
Тек шындықты жазады.
Көрген күні осы!
Аяушылықты білмейді,
Таныстыққа жүрмейді.
Оңтүстікте газет көп.
Немерелері
Шөберелесі:
«Әділет»
«Шұғыла» боп кете береді...
Өзгелерді,
Айтпасам айып етпеңіздер.
Көрмесем көңілде жүрсіздер.
Тілегім,
Жемқорларды жаза беріңіздер.
Кемшілікті қаза беріңіздер.
Оңтүстіктің рухани жаңғыруына
Бәріңіз жабылып,
Жәрдем етіңіздер!
Мейрам ұзағынан болсын!

Ералхан
ЖЫЛҚЫАЙДАРҰЛЫ,



ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ

Ұлттық қасиеттерімізді сақтап, тіліміз бен ұлттық рухымызды болашақ ұрпақтарға аманат етіп тапсыру – Мәңгілік ел боламын деген халықтың басты мұраты екенін жиі айтамыз. Бұл туралы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы тарқатып түсіндіріп берген болатын.

Ең алдымен әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне аяқ басқанымызды айтқан болатын. Бүгінде, біз жаһандық

өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болуымыз үшін, елбасымыздың «Қазақстан-2050» стратегиясын ұсынып, бүгінде біз озық дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатын ұстанып отырмыз. Осы орайда, 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылып жатыр. Оның 60 қадамы бүгінде орындалып қойды. Ал, қалғандары ұзақ мерзімге арналған жоспарлар болып табылады.

Соның ішінде, Ел басымыз жаңа әлем көш басшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екендігін айта келе,

Төртінші өнеркәсіптік элементтерін кеңінен енгізу керектігін атап өтті.

Бұл қауіптерден сақтанудың басты иммунитеті – Елбасы айтқандай, «ақылды ұлт өзінің ұлттық рухынан, тілі мен дінінен ажырамай цифрлы ортаға бейімделуі». Сонда ғана Төртінші ӨР қазақтың бағын ашып, өркендеу дәуіріне айналады.

Н.САЙДАХМЕТОВ,

ИЧ-167/11 мекемесі АКАДПТЖБ

ТОЖ инспекторы,

әділет аға лейтенанты.



Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында елімізде мүгедектерді, сал ауруына шалдыққан адамдарға кәсіби білім беру арқылы жұмысқа орналастыруға көмектесуге және олардың белсенді өмір сүруіне ықпал жасауға байланысты маңызды тапсырмалар берген болатын.

қоймай өндірістік тәжірибеден өткізу үшін кәсіпкерлермен келісіп шеберліктерін шыңдап отырған білім алушылар болашақта қоғамда өз орнын тауып қана қоймай, өз кәсібін ашуға да іргетас қалап отырғандығын айтады. Ал, аталмыш білім ошағымен

«СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕДЕ, КЕТІГІН ТАП ТА БАР ҚАЛАН»

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу білім беру жүйесінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Бұл орайда ҚР үкіметінің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда. Мұнда білім саласы мамандарына арналған міндеттер барысында ақыл-ойы қалыпты дамиды балалармен қатар мүмкіндігі шек-

білім беру сапасын көтеру болып табылады. Басты міндеттердің бірі халықтың барлық сатыдағылары үшін, сапалы білім алудың қолжетімдігін қамтамасыз етуді қарастырады. Осы тұжырымдардың барлығы мүмкіндігі шектеулі балаларға да қатысты және 2002 жылы жарық көрген «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педа-

гогикалық теориясы мен практикасын дамытудың жағымды нысандары жасалуда. Қоғамда өзінің орнын табуда зор көмегін тигізіп отырған колледжінің басшысы Гүлмира Жаппарқызы Тағаеваға студенттердің айтар алғысы шексіз. Гүлмира Жаппарқызы жалпы мұндай жұмыстарды ұйымдастыруда білікті бас-



теулі балалардың да білім алуына барлық жағдайды жасау керектігі жүктелген.

«Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдары білім беру жүйесін дамыту бағдарламасында» көрсетілгендей ҚР білім беру саясатының құзырлы міндеті –

гогикалық түзету арқылы қолдау туралы» заңында бекітілген. Осы заңды жүзеге асыру бағытында қаладағы «Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжінде мықтап қолға алынған. Мұнда мүмкіндігі шектеулі студенттерге психология-

шы. Ол колледжде білім беру бағытын жүйелеп қана қоймай, әрбір студенттің жан-дүниесіне жекелей үңіліп, дұрыс қарым-қатынас жасап отырған білім мекемесінің анасы десек артық айтқандығымыз емес. Кедергісіз білім алып қана

келісіп, өздерінің өндіріс орындарынан тәжірибеден өтуге келісім берген «Көмек болашақ» фабрикасының директоры Азімбек Тілепбергеновке де ықыластары ерекше. Өндірістік тәжірибеден өткен студенттер білімдерін тереңдетуге мол мүмкіндік алып отыр. Сондай-ақ, оқуын төмамдаған студенттер сол жерде жұмыс жасайтын болады.

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжінің студенттері қатарластарынан денсаулығына қатысты кемдеу болса да, өмірге деген құштарлықтары ерекше студенттер қай тапсырманы болса да тыңғылықты, ерекше жауапкершілікпен жасауға тырысады. Олардың сабақ үлгерімдері де өте жақсы. Бастаған істерін соңына дейін ыждағаттылықпен жеткізбей қоймайды.

Мира

АСИЛЬБЕКОВА,

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжінің сурдо

аудармашысы,

Майра ЕРЕЖЕПОВА,

«Жеңіл өнеркәсіп және сервис» колледжінің сурдо

Күйген ЖАҒДАЙДА

Қатер айтып келмейді, ал абайсызда болған жағдайға қалай төтеп береміз? Әсіресе, оттан, судан келген қауіп-қатер ең қорқыныштысы болса керек. Сақтансаң — сақтайды, алайда, осы сынды оқиғаларға кез болғанда не істеу қажеттігін білген артық емпейді.

Алдымен күйген жерді суық суда ұстап, тазалап алу қажет.

Содан соң, жара орнына тұз немесе бал мен ішкі жұмыртқаның ағын жағуға болады. Егер жара қабынып, ауырғаны сезілсе, алмұртты таңып қойыңыз. Тіс пастасының да осы тұрғыда пайдасы бар. Ол терінің қабынуының алдын алады, ісуден де сақтайды. Күйіп қалған орын зақымданғаннан бөлек, ісіну белгілері біліне бастаса, пайдаланыңыз. Оны күйген теріге жағып, шамалы уақыттан соң, жуып тастасаңыз болғаны, бірден шипасын береді. Сондай-ақ, тері қатты күйіп, зақымданатын болса, сол сәтте спиртке салғаныңыз дұрыс болмақ. Яғни, мақтаны спиртке малып, күйген орынды сүртіп отыру амалдары жиі жасалуы тиіс. Егер, майға немесе суға күйіп қалсаңыз, сұйық майдың өзі ем болмақ.

Ал, ауру асқынып, дерт айықпаса, дәрігерге қаралғаныңыз жөн. Өйткені, денсаулық сіз бен біздің басты байлығымыз.



Бетіңізді ағартамын десеңіз...

Ол үшін алманың суын қысып шығарып, оған лимон мен бал, 1 ас қасық ұн қосып, қою етіп араластырып, бетке 30 минут ұстаса, бет біршама ағарады.

Сүзбе жағу да дұрыс. Күрішті қайнатып, күріштің суын ішсе де бет ағарады. Ешқашан жылытырмайтын, тотыққан терілерге бетті тазалап жуғаннан кейін, күріштің суына бал қосып маска жасап, оны дөкемен 30 минут тартса, бетке дымқылдық пен ажар сыйлайды.

Қазір қыз-келіншектер салонға барып, бетіндегі, мұрнының үстіндегі түкті алдыртып тастап жатады. Осы дұрыс па?

Түкті алдырмаған жөн. Өйткені, түк беттің қорғаныс қабілетін сақтайтын перде рөлін атқарады. Түгін алып тастаған тері суыққа да, ыстыққа да, әртүрлі сыртқы факторларға да төзімсіз келеді.

Көп адамның мұрнының үстіне, мұрын айналасына қара нүктелер шығады. Ол неліктен?

Ол терінің май құрамы көп болғаннан болады. Тері таза жуылмаса да, тері порларын кеңейтпесе де, мұрын айналасына қара нүкте шығады.

Көктем кезінде бетіне ақтандақ шығатындар болады. Ақтандақтың емі бар ма?

Көктемде табиғаттың түлейтіні сияқты адамның терісі де түлейді. Ақтандаққа мен жаңа айтқан маска бал, жұмыртқаның сарысы, банан үшеуін араластырып жақса пайдалы.

Қазір бойжеткендердің көбі бетін ай сайын салонға барып, тазартып жатады. Ал енді біреулер бетімді тазалатсам, химиялық заттармен бүлдіріп, зиян келтіріп аламын ба деп қорқады. Салонға барып бетті тазалатқан қаншалықты орынды?

Бетті тазаласа бет терісі бүлінеді дегенге дәрігер-косметолог ретінде келіспеймін. Салонға келіп бетін өмірі тазалатып көрмеген қыз бен бетін үнемі тазалатып тұратын бойжеткеннің бе-

тінде едәуір айырмашылық болады. Бүгінде медицина да, косметология да дамыды. Химиялық заттармен бетімді күйдіреді дейтін қорқыныш жоқ. Қазір салондардың бәрі бетті шөптерден жасалған косметика арқылы тазалайды.

Ол беттің қан айналымын жақсартады. Екіншіден, микроскоппен ғана көруге болатын тері тіндегі қажетсіз заттарды алады. Одан бет жалтырап, сергек күйге енеді. Кейде қыздардың қорқатынындай-ақ бар. Кейбір салондарда беттегі дақ пен безеуді пилингпен күйдіріп, адамның бір қабат терісін сылып түсіреді. Бұл — зиян. Бір қабат теріні ерітіндімен күйдіру — ол сонау 1992 жылғы әдіс. Күйдіргеннен кейін адамның беті таза, әдемі болып жүреді. Ал бір айдан кейін дақ пен безеу қайта шығып, тіпті, көбейіп кетеді. Өйткені, адамның терісі үш қабат қалыңдықта. Бір қабатын сылып тастаған тері өзінің қорғаныс қабілетінен айырылады. Әрі безеу мен дақты алдырып тастаймын деу — бос әурешілік. Ол үшін ішкі органдарды емдеп, дұрыс тамақтануды жолға қоя білу керек.

qazbrand.inf

ІРІМШІК, ЖҰМЫРТҚА, КӨК ЖҰА Салаты



Құрамы:

1 жұмыртқа,
2 шай қасық ұсақталған көк жуа,
80 грамм ірімшік,
сарымсақтың бір баданасы,
2 шай қасық майонез,
түз өркімнің қалауынша.

Дайындау процесі:

Әуелі жұмыртқа өбден пісіріледі, суытылып, қабығы аршылады. Содан кейін ол да, осы салатқа арналған ірімшік те қиықшалап кесіліп, ұсақтап туралған көк жуамен араластырылады. Сөйтіп, түз қосылып ұнтақталған сарымсағы бар ыдысқа аударылады да, бөрі жақсылап араластырылады. Үстіне майонез құйылып, 20-40 минут салқын жерге қойылады.

Кілемді БӨЛМЕГЕ ҚАРАЙ ТАҢДАЙ БІЛЕСІЗ БЕ?

Әр бөлменің өзінің «қалауы» бар. Оны талғамы бар жан ғана түсіне алады және соған лайықты таңдау жасай біледі. Жиһазды бөлек қойғанда, жерге төселетін кілемнің өзін әр бөлмеге лайықтысын таңдай білген жөн. Кілем дизайнерлері мынадай пайдалы кеңестер ұсынады. Гүлдердің, ою-өрнектің, тағы басқа орнаменттер мен штрихтар бейнеленген кілем түсін таңдағанда мән беретін мәселелерді ademi-alem.kz сайтынан алып, назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Ол сіздің бөлмеңіздегі жиһазбен үйлесетіндей болу керек. Егер жиһаздың түсі ашық болса, кілемнен біркелкі өрі жылы

түстер тамаша жарасым табады. Жиһаз қоңыр, жабық түстерден болса, жіңішке, нәзік орнаментті таңдаңыз.

Күн көзі түсіп жарқырап тұратын бөлмеге кілемнің қою түсі дөп келеді. Керісінше, бөлме күн көзінен тасада, келеңке бетте орналасса, оған жылы түстер сөйкес.

Ашық түсті төсеніштер бөлмені кең етіп көрсетеді, ал, кілем бетіне бадырайған ірі орнаменттер, өрнектер түссе, өздігінен бөлме тарылып шыға келеді.

Біркелкі түсті кілемдер жиһаздың формасы мен түсін ерекшелендіріп тұрады. Ашық түсті кілем біркелкі түстегі еденде керемет көрінеді.

Жатын, қонақ және ба-



лалар бөлмесіне батыл түрде ең ашық, тіпті сары түске дейін ала беруіңізге болады.

Балалар бөлмесіне кілемнің бетіне мультфильм кейіпкерлері, ойыншықтар бейнеленген, сыртқы қабаты ұлпа болып келетін түрі үйлеседі. Әйтеуір, бұл бөлмедегі кілемдер бастысы тазалауға, жууға ыңғайлы болғаны дұрыс. Егер балада қандай да бір аллергия болса, кілемнің синтетикалық акрил кілеміне тоқталғаныңыз жөн.

Ас үйге кілем таңдағанда, орындықтардың алдыңғы аяғы ғана емес,

артқы аяқтары да сыйып тұратындай көлемде алғаныңыз абзал.

Холл немесе кіре беріске мықты, беріктеуі керек. Міндетті түрде синтетикалық түрін алыңыз, формасын жоғалтпайды, өңін де бермейді. Кілемді тазалар алдында бетіне түз сеуіп қойсаңыз болады, түз шаң-тозаңды өзіне тартады өрі басады. Сондай-ақ, бетіндегі кірдің тез кетуіне көмегі бар. Бірнеше сағаттан соң, түзды шаңсорғышпен тартып алыңыз.

Әдетте, дөңгелек пішінді кілемдерді жатын бөлмеге, ас үйге, қонақ бөлмеге орналастырғаныңыз орынды. Кеңсеге тік төртбұрыштылары жараса кетеді.

БІЗ МИЛЛИОНДЫ ҚАЛА БОЛДЫҚ

Жуырда Елбасы өз сөзінде «Қазақстан агломерацияны дамыту стратегиясын жүзеге асыруды бастады. Егер бізде бұған дейін миллион тұрғыны бар тек Алматы қаласы болса, қазір үш мегаполисіміз бар — Алматы, Астана және Шымкент қалалары.

Миллионды қала — бұл әрдайым жаңа идеялар, жобалар мен жоспарлар, ауқымды инвестициялар екенін, барлығы қаланың дамуына жаңа серпін беретінін атап өткен Елбасы Шымкенттің бұл мәртебелі деңгейге гасырлар бойы жеткенін де ескертті. Яғни Оңтүстік жұрты ұзақ күткен қуаныш. Ендеше, Шымкент миллионер атына заты сай қала болуы тиіс.

Бізді алда үлкен өзгерістер күтіп тұр. Ең бастысы — бұл жаңалық Шымкент қаласын одан өрі дамытуға жаңа мүмкіндіктер туғызып, әрбір қалалықтың өміріне жаңа серпін береді, оң әсерін тигізеді деп сенеміз. Бұл — сонымен қатар, біз үшін асқан жауапкершілік.

Мемлекет басшысы мұндай қалалар тұрғындар үшін қолайлы, қауіпсіз, тұрғын үй-коммуналды шаруашылығы жаңартылған және мәдениеті жоғары болуы тиіс деп көрсетті. Шымкент әлеуметтік инфрақұрылымы мықты қалаға айналады деп сенеміз. Себебі, біздің қаламызда қонақжай, қайырымды, ең бастысы, еңбекқор халық тұрады. Біз бәріміз бірге Шымкентті Мемлекет басшысы күткендей «ақылды», «жасыл» өрі «қауіпсіз» қалаға айналдырамыз деп сенеміз. Үшінші мегаполис енді тың идеялар мен қоса халқымыздың дәстүрімен қатар дамып, өткенін ұмытпайтын, жаңа технологияларға ұмтылатын тұрғындар шаһарына айналатын болады.

Э.ОРАЗЫМБЕТОВА,
ИЧ-167/11 мекемесі

ТҚЕБ бастығының орынбасары.

Жарамсыз деп танылсын

*** Садыкова Жазира Сейдибатовна атына ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша 06.06.2018 жылы берілген БЖ №032542 сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Султанова Кульзия Асилбековна атына ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша 06.06.2018 жылы берілген БЖ №032545 сертификаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Джандаров Ержаппар Токбергенович атына берілген 2002 жылы шыққан зауыт №1279966, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Ақаева А.Б. атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №172395, ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Даймонд Тур» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №637840, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «План дома» ЖШС атына берілген құрылтай құжаттары мен мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Естауова Акмарал Асылловна атына берілген 2000 жылы шыққан зауыт №1050063, ЭКР 2102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Абдурашитов Абдурахман Шукурович атына берілген 2014 жылы шыққан зауыт №00520956, Меркурий 130 Ф КЗ маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Норматова Хатира атына берілген жеке куәлік және «Күміс алқа» кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Ақсауер» ЖШС атына берілген 2004 жылы шыққан зауыт №00482658, Электроника 92-06 МКФ маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Абдиров Ж. атына берілген 2001 жылы шыққан зауыт №1046722, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты, нақты ақша есебінің кітабы, чек кітапшасы, тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Инком Plus» ЖШС атына берілген 2007 жылы шыққан, зауыт №764767, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «КРОУН-2010» ЖШС атына берілген 2012 жылы шыққан, зауыт №01232678, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Юг-ГА» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт 1014939, Миника 1102 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Досжанов Сапаралы атына берілген 2016 жылы шыққан зауыт №000001370487, Меркурий 115 ФКЗ маркалы кассалық аппаратының тіркеу кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Контрактная корпорация «Азимут» ЖШС-нің ОҚО филиалы атына берілген 2007 жылы шыққан зауыт №00747370, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппаратының тіркеу картасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** «Жайлау» ЖШС атына берілген 2005 жылы шыққан зауыт №АА00494497, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Рахматов Абдинасир Аббасович атына берілген 2010 жылы шыққан зауыт №АА00864039, Меркурий 115 Ф маркалы кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Туkenова Клара Орынғалиевна атына «Авиценна» медициналық колледжінен 25.06.2013 жылы берілген ТКБ №0505499 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ниязов Умиджан Олимбаевич атына берілген Түркменстан паспорты мен жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Абдраманов Ергали Касымбаевич атына Құрлық әскерлерінің әскери институтынан 11.06.2005 жылы берілген ЖБ №0608664 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Баймбетов Зинедин атына ОҚО Еңбекші ауданы, Қарабастау т.а., Қайып ата көшесі №38 үйге берілген үйдің құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Алпысбаев Ұласбек Ермақұлы атына М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нен берілген №1046879 диплом жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Жеке кәсіпкер Арипов Х.Т. атына берілген ОКА 102 Ф маркалы кассалық аппаратының тіркеу кітапшасы, чек кітапшасы, нақты ақша есебінің



РАХИМА ПЛАЗА

сауда ойын-сауық орталығы

Заманауи үлгідегі базасы арзан сауда орталығы

- Балалар үшін керемет демалыс орын
- Ерлер, әйелдер және балалар киімдері
- Дәріхана мен асхана
- бесікарбалар мен велосипедтер
- бөлме гүлдері мен картиналар
- алуан түрлі ыдыстар, астаулар



Мекенжайы: Шымкент қаласы, «Нұрсәт» м/а.

Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі

Мемлекеттік лицензия №КЗ16ЛАА00006897

2018-2018 оқу жылына талапкерлер қабылдайды

КҮНДІЗГІ БӨЛІМ

Бюджеттік және ақылы негізде жалпы білім беретін орта мектептің 9 және 11 сыныбын бітіргендер үшін мына мамандықтар бойынша:



ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ, ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ, 30
21-44-11, 21-38-29

Мамандықтар	9 сыныпты бітіргендер	11 сыныпты бітіргендер
0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» 081907.3 техник-технолог	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0911000 – «Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу» 091101.3 электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0902000 – «Электрмен қамтамасыз ету» 090203.3 техник-электрик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0906000 – «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары» 090603.3 техник-энергетик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1302000 – «Автоматтандыру және басқару» 130202.3 электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1304000 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» 130403.3 техник 130404.3 техник-бағдарламашы 130405.3 аппаратты қорғау технигі 130406.3 компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсететін техник	3 жыл 6 ай 3 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай 3 жыл 10 ай	2 жыл 6 ай 2 жыл 10 ай 2 жыл 10 ай 2 жыл 10 ай
1305000 – «Аппараттық жүйелер» 130502.3 - техник-бағдарламашы /web программист/	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1306000 – «Радиоэлектроника және байланыс» 130609.3 байланыс технигі	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
1418000 – «Саулет өнері» 141802.3 - техник – жобалаушы	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

Сыртқы бөлім Жалпы білім беретін орта мектептің, гимназияның, лицейдің 11 сыныбын және КТМ-ді бітірген талапкерлер жоғарыда аталған мамандықтар бойынша қабылданады.

ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ

Күндізгі бөлім: 9 және 11 сыныпты бітіргендер 2018 жылдың 20 маусымынан 20 тамызына дейін.

Сыртқы бөлім: 11 сыныпты бітіргендер – 2018 жылдың 20 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін

Колледждің мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 30. Тел.: 21-44-11, 21-38-54 сайт: ukpk.kz, E-mail: ukpk_politech@mail.ru

Открылось наследство

*** Умер Ванев Виктор Анатольевич. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жолдасовой С.А. по адресу: г. Шымкент, ул. Толе би, 39. Тел.: 8 701-387-95-99

*** Умер Косолапов Юрий Петрович. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жолдасовой С.А. по адресу: г. Шымкент, ул. Толе би, 39. Тел.: 8 701-387-95-99

*** Умер Юсупов Сапаралы Жолдыбаевич. Дата смерти: 03.11.2017 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Лесбековой А.К. по адресу: г. Шымкент, пр. Республики 17-24. Тел.: 8 777-585-21-00

*** Умер Абдирахманов Асан Пернебаевич. Дата смерти: 06.06.2018 года. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Досымбекова С.А. по адресу: г. Шымкент, ул. Бейбітшілік 24-35, тел.: 8 701-270-72-55.

«Айғақ» республикалық газетінің ұжымы Облыстық мәслихат депутаты Абасов Қайнар Бегалыұлына өпкесі

Нурипа АБАСОВАНЫ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газетінің ұжымы Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, ақын Олжас Сүлейменовке немересі

ЕСКЕНДІРДІ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын «Орталық су-спорт кешені» ұжымы Спорт саласының майталманы, Республикалық таэквондо федерациясының вице-президенті Шадиар Қондыбаев мырзаға анасы

Бибіайша ҚОНДЫБАЕВАНЫ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ремонт телевизоров и спутниковых антенн

Тел.: 56-17-58, 8 702-243-45-54, 8 771-670-72-37

Жер телімі сатылады (фундаменті бар, қоршалған).

Пахтакор-2

Тел.: 8 778-818-09-89